



**«Самұрық-Қазына»
Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ**

Жеке қаржылық есептілік

*2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін,
тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен қоса*

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

Жеке қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы жеке есеп	1
Жиынтық кіріс туралы жеке есеп	2
Ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп	3-4
Капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп	5
Жеке қаржылық есептілікке ескертпелер	6-47

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның Акционері мен Басшылығына

Пікір

Біз «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның (бұдан әрі - «Қор») жеке қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы жеке есеп, жиынтық кіріс туралы жеке есеп, капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп және көрсетілген күнге аяқталатын жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп, сондай-ақ жеке қаржылық есептілікке ескертпелер, оның ішінде есеп саясатының маңызды аспектілері туралы ақпарат жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған жеке қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың жеке қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының жеке қозғалысы мен жеке қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және біздің жеке қаржылық есептіліктің аудитіне Қазақстан Республикасында қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Қорға қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің шешуші мәселелері

Аудиттің шешуші мәселелері - біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер жеке қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы жеке қаржылық есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген мәселелерге қатысты бұл мәселелердің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.

Біз есебіміздің «Аудитордың жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге жеке қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған жеке қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің шешуші мәселесі

Тиісті шешуші мәселе ретінде аудитіміздің барысында қарастырылды

Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздануы

Біз бұл мәселе жеке есептілікке қатысты еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорынға салынған инвестициялар балансының елеулілігіне, құнсыздануды, сондай-ақ басшылық қабылдаған маңызды пайымдаулар мен бағалауды талдау негізінде жатқан жорамалдар субъективтілігінің жоғары деңгейіне орай аудитіміз үшін барынша маңызды мәселелердің бірі болып табылады деп есептейміз. Сонымен бірге, қарыз алу құнының ұлғаюы және келешек экономикалық өсімге қатысты белгісіздік еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындар қызметінің перспективаларына әсер етеді және Қор инвестицияларының құнсыздануына әкеп соқтыра алады.

Елеулі жорамалдарға дисконттау мөлшерлемесі, тарифтердің болжамы, ұзақ мерзімді өсім қарқыны, инфляция мөлшерлемелері, валюталарды айырбастау бағамының болжамы жатады. Елеулі бағалауға көлемдердің болжамы, келешек күрделі шығындар мен жобаларды орындау мерзімдері жатады.

Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар мен құнсыздануға орындалған тесттер туралы ақпарат жеке қаржылық есептіліктің 4-ескертпесінде келтірілген.

Біз Басшылықтан, индикаторлар мен құнсыздануды тестілеу модельдерін талдауды қоса алғанда, құнсыздануды талдауды алдық.

Біз құнсызданудың талдауын тестілеу және басшылық дайындаған өтелетін құн есебі үшін бағалау мәселелері бойынша мамандарды тарттық. Біз басшылық жасаған болжамның негізінде жатқан жорамалдарды сараладық. Біз дисконттау мөлшерлемелері мен өсімнің ұзақ мерзімді үрдістерін жалпы нарықтық көрсеткіштермен және басқа да қолжетімді ақпаратпен салыстырдық.

Біз құнсыздану модельдерінің математикалық дәлдігін тексердік және және олардың жорамалдардың өзгеруіне сезімталдылықты талдадық.

Біз құнсыздану туралы ақпараттың жеке қаржылық есептілікте ашылып көрсетілуін сараладық.

Несие келісімдерінің шеңберіндегі шарттық талаптарды сақтау

Несие келісімдердің талаптарына сәйкес Қор белгілі бір шарттық талаптарды сақтауы тиіс. Бұл талаптардың бұзылуы қаржыландыру дефицитімен қатар, айтарлықтай айыппұлдар мен өсімпұлдарға әкеп соқтыра алады. Сонымен қатар, Қордың көптеген несие келісімдеріне сәйкес кросс-дефолт туралы ережелер қолданылады.

Шарттық талаптарды сақтау аудит үшін барынша маңызды мәселе болып табылады, өйткені жеке қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылатын қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалға, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы жеке есептегі пайыздық міндеттемелердің жіктелуіне зор ықпалы бар.

Несие келісімдерінің шеңберінде шарттық талаптарды сақтау туралы ақпарат жеке қаржылық есептіліктің *14-ескертпесінде* ашылып көрсетілген.

Біз кросс-дефолт туралы қосымша ережелерді қоса алғанда, несие келісімдерінің талаптарын зерделедік.

Біз есептеулерде қолданылатын деректерді қаржылық есептілікпен салыстырдық.

Біз қаржылық көрсеткіштер бойынша есептеулердің математикалық дәлдігін бағаладық.

Біз 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бекітілген бюджеттерге сай болжамды сараладық, егер таяу арадағы 12 айда құқық бұзушылық болуы мүмкін болса, біз қызметтің үздіксіздік қағидатына ықтимал ықпалға қатысты Басшылық жасаған бағалауды алып, сараладық.

Біз жеке қаржылық есептілікте ашылып көрсетілген ақпаратты бағаладық.

Қордың 2021 жылғы Жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Қордың 2021 жылғы Жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ жеке қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Қордың 2021 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Жеке қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Жеке қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен жеке қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

Басшылықтың және Аудит жөніндегі комитеттің жеке қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық жеке қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ жеке қаржылық есептілікті дайындауды қамтамасыз ету үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Жеке қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Қорды таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудит жөніндегі комитет Қордың жеке қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз жеке қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы жеке қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған жеке қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық айқындаған бухгалтерлік бағалау және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;

- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән тұғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде жеке қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда келешек оқиғалар немесе талаптар Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ жеке қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ жеке қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Аудит жөніндегі комитетке тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты жетекші, - Адиль Сыздықов.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС




Адиль Сыздықов
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы
№ МФ-0000172 біліктілік күәлігі

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2022 жылғы 22 сәуір



Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген
сериясы МФЮ-2 № 0000003 болатын
Қазақстан Республикасының аумағында
аудиторлық қызметпен айналысуға
арналған мемлекеттік лицензия

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕП

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескерт.	2021 жыл	2020 жыл
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар		10.434	10.405
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		4.580	6.314
Материалдық емес активтер		830	850
Еншілес ұйымдарға инвестициялар	5	4.441.741	4.342.227
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	6	1.545.552	1.545.552
Берілген қарыздар және қаржылық жалдау бойынша берешек	7	595.015	566.913
Кредиттік мекемелердегі қаражат	8	384.909	399.221
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері	9	2.780	1.373
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	10	25.015	32.481
		7.010.856	6.905.336
Қысқа мерзімді активтер			
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		1.930	1.883
Берілген қарыздар және қаржылық жалдау бойынша берешек	7	146.406	167.608
Кредиттік мекемелердегі қаражат	8	23.743	36.473
Басқа да қысқа мерзімді активтер	11	60.143	14.538
Ақша қаражаты мен оның баламалары	12	392.967	344.292
		625.189	564.794
Акционерге беруге арналған активтер		–	161
Активтердің жиыны		7.636.045	7.470.291
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	13	5.268.580	5.258.657
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резерві		(1.472)	(1.472)
Бөлінбеген пайда		581.545	519.489
Капитал жиыны		5.848.653	5.776.674
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	14	618.664	847.877
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	15	569.105	562.448
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер	17	48.393	38.184
		1.236.162	1.448.509
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	14	480.350	151.789
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	15	10.264	30.773
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер	17	5.195	5.243
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	16	55.421	57.303
		551.230	245.108
Міндеттемелер жиыны		1.787.392	1.693.617
Капитал мен міндеттемелер жиыны		7.636.045	7.470.291

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор –
Басқарма мүшесі

Бас бухгалтер



Назира Нұрбаева

Алмаз Әбдірахманова

6-47-бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕП

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Миллион теңгемен	Ескерт.	2021 жыл	2020 жыл
Пайыздық кірістер	18	84.039	81.038
Пайыздық шығыстар	19	(63.725)	(120.409)
Дивидендтерден түскен кіріс	20	254.888	221.777
Жалпы пайда		275.202	182.406
Жалпы және әкімшілік шығыстар	21	(24.419)	(24.540)
Қаржылық кірістер	22	28.152	36.538
Қаржылық шығыстар	23	(49.520)	(37.854)
Еншілес ұйымдағы үлестің шығуынан түскен кіріс	5	-	75.299
Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардың құнсыздануынан болған шығын	5	(12.200)	-
Күтілетін кредиттік шығын резервін есептеуден болған шығын		(270)	(172)
Бағамдық айырмадан түскен кіріс, нетто		36	17.070
Басқа да кірістер/(шығыстар), нетто		2.289	(951)
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		219.270	247.796
Пайда салығы бойынша шығыстар	24	(2.941)	(3.724)
Бір жылғы таза пайда		216.329	244.072
Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс		-	-
Бір жыл ішіндегі жиынтық кірістің жалпы сомасы, табыс салығын шегергенде		216.329	244.072

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор –
Басқарма мүшесі



Назира Нурбаева

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕП

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Миллион теңгемен	Ескерт.	2021 жыл	2020 жыл
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Дивидендтер бойынша түсімдер	20	253.502	221.777
Алынған қарыздар бойынша түсімдер	14	43.151	54.951
Берілген қарыздарды қайтару		26.620	34.258
Кредиттік мекемелердегі қаражатты қайтару		40.029	7.024
Үкіметтен алынған қарыздарды өтеу	15	(33.896)	(943)
Еншілес компанияларға қарыздар беру	7	(3.706)	(5.239)
Өнім берушілерге төлемдер		(8.009)	(8.460)
Жалақы бойынша төлемдер		(3.646)	(3.045)
Демеушілік көмек беру	21	(7.137)	(7.398)
Төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы	24	(2.941)	(3.724)
Басқа да салықтар мен төлемдер		(3.794)	(3.442)
Алынған пайыздар		64.148	60.621
Төленген пайыздар		(52.281)	(57.609)
Басқа да түсімдер	14, 15	4.079	4.584
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсімі		316.119	293.355
Инвестициялық қызметтен болатын ақша ағындары			
Банк депозиттерін алу/(орналастыру), нетто		86	68.131
Еншілес ұйымдардың жарғылық капиталына жарналар	5	(86.801)	(56.800)
Негізгі құралдарды сатудан болған түсімдер		14	-
Басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатудан түскен түсімдер		1.627	-
Еншілес ұйымдар шығарған облигацияларды өтеуден түскен түсімдер	7	12.685	36.846
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттарын өтеуден түскен түсімдер		274.237	-
Негізгі құралдарды сатып алу		(410)	(352)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(156)	(255)
Екінші деңгейдегі банктер шығарған облигацияларды сатып алу		-	(168.000)
Еншілес ұйымдар шығарған облигацияларды сатып алу	5	(26.230)	(28.404)
Еншілес компанияларға қарыздар беру		-	(8.000)
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттарын сатып алу		(326.184)	-
Еншілес ұйымның жарғылық капиталының азаюымен байланысты түсімдер	5	8.564	-
Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза жұмсалуды		(142.568)	(156.834)

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕП (жалғасы)

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескерт.	2021 жыл	2020 жыл
Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары			
Жарғылық капиталға салынған жарналар	13	9.923	26.000
Акционерге бөлу	16	(67.097)	(50.844)
Акционерлерге төленген дивидендтер	13	(88.337)	(120.000)
Алынған қарыздар бойынша түсімдер	14	116.282	92.084
Алынған қарыздарды қайтару	14	(312.303)	(1.446)
Бақылаудың айырылуына әкеліп соқтырмайтын еншілес ұйымдағы үлесті сатудан түскен түсімдер	5	-	83.944
Шығарылған облигациялар бойынша түсімдер	14	211.271	258.400
Шығарылған облигациялар бойынша өтеу	14	-	(333.394)
Үкіметтің қарыздарын өтеу	15	(558)	(88.804)
Басқа да түсімдер		62	44
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза жұмсалуды		(130.757)	(134.016)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза көбеюі		42.794	2.505
Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		6.021	28.878
Күтілетін кредиттік шығын резервіндегі өзгеріс		(140)	73
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		344.292	312.836
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		392.967	344.292

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор
Басқарма мүшесі



Назира Нұрбаева

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕП

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Миллион теңгемен	Ескерт.	Жарғылық капитал	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2019 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо					
		5.229.112	(1.472)	501.281	5.728.921
Бір жылғы таза пайда					
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны					
		—	—	244.072	244.072
Акцияларды шығару					
Үкіметтен қарыздар бойынша дисконт	13	29.545	—	—	29.545
Акциягермен жасалатын басқа да операциялар	13	—	—	(37.581)	(37.581)
Дивидендтер	13	—	—	23.797	23.797
Акциягерге басқа да бөлу	13	—	—	(120.000)	(120.000)
2020 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо					
		5.258.657	(1.472)	519.489	5.776.674
Бір жылғы таза пайда					
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны					
		—	—	216.329	216.329
Акцияларды шығару					
Үкіметтен қарыздар бойынша дисконт	13	9.923	—	—	9.923
Дивидендтер	13	—	—	(278)	(278)
Акциягерге басқа да бөлу	13	—	—	(88.337)	(88.337)
Акциягерге беруге арналған активтер	13	—	—	(65.497)	(65.497)
2021 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо					
		5.268.580	(1.472)	581.545	5.848.653

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор –
Басқарма мүшесі



Назира Нұрбаева

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

6-47-бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қор» немесе «Самұрық-Қазына») Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы қаулысына сәйкес 2008 жылғы 3 қарашада құрылды. Қор «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ (бұдан әрі – «Қазына») мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық») біріктіру және мемлекеттің Қорға Қазақстан Республикасы Үкіметіне (бұдан әрі – «Мемлекет» немесе «Үкімет») тиесілі кейбір кәсіпорындардағы өз меншік құқығын қосымша беру арқылы құрылды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Үкімет Қордың құрылтайшысы болып табылады. Үкімет Қордың жалғыз акционері (бұдан әрі – «Акционер»).

Үкіметтің «Қазына» мен «Самұрықты» біріктіруінің негізгі мақсаты – Үкіметтің тиісті бағдарламаларында және компаниялардың даму жоспарларында белгіленген олардың стратегиялық міндеттерін табысты орындау мақсатында олардың менеджменті тиімділігін арттыру және ұйымдық құрылымдарын оңтайландыру.

2012 жылғы 1 ақпанда «*Ұлттық әл-ауқат қоры туралы*» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы Заңы қабылданды, оған сәйкес Қордың қызметі Қордың тобына кіретін ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын (құндылығын) ұлғайту және Қордың тобына кіретін активтерді тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыруға бағытталуы тиіс.

Қор 5 және 6-ескертпелерде тізбеленген бірқатар компанияларға иелік ететін холдинг.

Қордың әкімшілік мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Сығанақ к-сі, 17/10, Қазақстан Республикасы.

Осы жеке қаржылық есептілікті Қордың Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры мен Бас бухгалтері 2022 жылғы 22 сәуірде шығаруға бекітті.

Осы жеке қаржылық есептілік Қордың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қосымша ретінде шығарылды. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті Қордың Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры мен Бас бухгалтері 2022 жылғы 22 сәуірде шығаруға бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Осы жеке қаржылық есептілік, есеп саясатында және осы жеке қаржылық есептіліктің ескертпелерінде ашылып көрсетілгендерді қоспағанда, бастапқы құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес дайындалған. Қор бухгалтерлік есептілікті қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – «теңге») жүргізеді. Арнайы шарттасқан жағдайларды қоспағанда, осы жеке қаржылық есептіліктегі барлық мәндер миллион теңгеге дейін дөңгелектенген.

Сәйкестілік туралы мәлімдеме

Қордың осы жеке қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі – «ХҚЕС» кеңесі) бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

Жеке қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау маңызды белгілі бір бухгалтерлік бағалауларды пайдалануды талап етеді. Қаржылық есептілікті әзірлеу сондай-ақ басшылықтан Қордың есеп саясатын қолдану барысында жорамалдар жөнінде пікір білдіруін талап етеді. Жоғары күрделілік деңгейі мен жол берулерді қолдануды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалау мен жол берулерді қолдану жеке қаржылық есептілік үшін елеулі болып табылатын салалар 4-ескертпеде ашылған.

Шетел валютасын қайта есептеу*Функционалдық валюта және ұсыну валютасы*

Осы жеке қаржылық есептілік нысандары функционалдық валюта және Қордың жеке қаржылық есептілігін ұсыну валютасы болып табылатын теңгемен ұсынылды.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Шетел валютасын қайта есептеу (жалғасы)***Операциялар және шоттар сальдосы*

Шетел валюталарындағы операциялар бастапқыда операцияның жасалу күніне қолданылатын бағам бойынша функционалдық валютада ескеріледі. Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын функционалды валютаның ресми нарықтық бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық бағамдық айырмалар жиынтық кіріс туралы жеке есепке қосылады. Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ күн негізінде шетел валютасында бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Валюталарды айырбастау бағамдары

«Қазақстан қор биржасы» АҚ-да (бұдан әрі – «ҚҚБ») белгіленген валюта айырбастаудың орташа сараланған бағамдары Қазақстан Республикасында валютаны айырбастаудың ресми бағамдары ретінде пайдаланылады.

ҚҚБ-ның 2021 жылғы 31 желтоқсандағы айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 431,8 теңгені құрады. Осы бағам 2021 жылдың 31 желтоқсанына АҚШ долларында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды (2020 жылдың 31 желтоқсанына: 1 АҚШ доллары үшін 420,91 теңге). ҚҚБ-ның айырбастау бағамы 2022 жылғы 22 сәуірде 1 АҚШ доллары үшін 443,99 теңгені құрады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер**

Қор 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді алғаш рет қолданды, бірақ олар Қордың жеке қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбейді:

«Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS), «Қаржы құралдары: тану және бағалау» 39 ХҚЕС-ке (IAS), «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» 7 ХҚЕС-ке (IFRS), «Сақтандыру шарттары» 4 ХҚЕС-ке (IFRS) және «Жалдау» 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер

Түзетулер ұсыныстың банкаралық мөлшерлемесі (IBOR) баламалы іс жүзіндегі тәуекелсіз пайызсыз мөлшерлемеге ауыстырылған жағдайларда қаржылық есептілік үшін болатын салдарды түзету үшін қолданылатын уақытша босатуларды білдіреді. Түзетулер мыналарды көздейді:

- практикалық сипаттағы жеңілдетуді, соған сай реформамен тікелей талап етілетін шарттың өзгеруі немесе ақша ағындарының өзгеруі нарықтық пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне баламалы болатын құбылмалы пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі ретінде қарастырылуы тиіс;
- хеджирлеу ара қатынастарының анықтамасына және хеджирлеу ара қатынастарын тоқтатпастан хеджирлеу жөніндегі құжаттамаға IBOR реформасымен талап етілетін өзгерістерді енгізуге жол беріледі;
- ұйымдарға тәуекелсіз мөлшерлемесі бар құрал ұйымның қарауына қарай хеджирлеу ара қатынастары шеңберінде тәуекелі бар құрамдас ретінде айқындалған жағдайларда бөлек сәйкестендірілетін құрамдастарға қатысты талаптарды сақтау қажеттілігінен уақытша босату беріледі.

«COVID-19: жалдау шарттарына қатысты концессиялар» деген атаумен *«Жалдау» 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету.* Түзету жалға алушыларға COVID-19-бен тікелей байланысты жалдау шарттарының концессияларын шартты түрлендірулер деп есептемеуге мүмкіндік береді. Көрсетілген түзету жеке қаржылық есептілікке айтарлықтай ықпалын тигізбеді, өйткені Қордың пандемиядан туындаған жалдау шарттарының елеулі концессиялары болмады.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Қордың жеке қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген жаңа және өзгертілген стандарттар мен түсіндірмелер төменде келтіріледі. Қор жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)**

Көрсетілген жаңа стандарттар мен түзетулер жеке қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді:

- 17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»;
- «Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХБЕС-ке (IAS) түзету – «Қаржылық міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімділер ретінде жіктеу»;
- «Бизнестерді біріктіру» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – «Қаржылық есептіліктің концептуалдық негіздеріне сілтемелер»;
- «Негізгі құралдар» 16 ХБЕС-ке (IAS) түзету – «Негізгі құралдар: нысаналы пайдалануды бастағанға дейінгі кіріс»;
- «Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер және шартты активтер» 37 ХБЕС-ке (IAS) түзету – «Ауыртпалық түсіретін келісімшарттар: шартты орындау шығындары»;
- «Бір операциядан туындайтын активтермен және міндеттемелермен байланысты кейінге қалдырылған салық» деп аталатын «Пайда салығы» 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзету;
- «ХҚЕС-ті алғаш рет қолдану – ХҚЕС-ті алғаш рет қолданатын еншілес ұйым» деп аталатын «ХҚЕС-ті алғаш рет қолдану» 1 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету;
- «Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету – «Қаржылық міндеттемені мойындауды тоқтату қажеттілігіне арналған 10%-дық тестті қолдану кезіндегі сыйақылар»;
- «Жалдау бойынша ынталандыратын төлемдер» деп аталатын «Жалдау» 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету;
- «Әділ құнды бағалау кезінде салық салу» деп аталатын «Ауыл шаруашылығы» 41 ХҚЕС-ке (IAS) түзету;
- «Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХҚЕС-ке (IAS) және «Маңыздылық туралы пайымдауларды қалыптастыру» ХҚЕС-ті қолдану бойынша № 2-практикалық ұсынымдарға түзетулер.
- «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер» 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – «Бухгалтерлік бағалауды айқындау».

1 ХҚЕС (IAS) пен 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер 2024 жылғы 1 қаңтардан немесе содан кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді, мерзімінен бұрын қолдану рұқсат етілген.

Қор шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қандай да бір басқа стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданбайды.

Қор, егер бұл қажет болса, келешек кезеңдерде практикалық сипаттағы жеңілдіктерді қолдануға ниетті.

Еншілес ұйымдарға, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар

Қордың еншілес ұйымдарға, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар құнсыздануды шегере отырып, бастапқы құны бойынша ескеріледі.

Еншілес ұйымдар – бұл Қор бақылайтын кәсіпорындар. Бақылау, егер Қордың инвестициялардан ауыспалы қайтарымдылыққа құқығы болса немесе оның өзгеруіне байланысты тәуекелге ұшыраса және инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктері салдарынан осы қайтарымға ықпал ете алған жағдайда жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Қор тек егер келесі талаптар орындалса ғана, инвестициялар объектісін бақылайды:

- Қордың инвестициялар нысанына қатысты өкілеттіктерінің болуы (яғни инвестициялар нысанының тиісті қызметін ағымдағы басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар);
- Қордың инвестициялардан ауыспалы қайтарымдылыққа құқығы болған немесе оның өзгеруіне байланысты тәуекелге ұшыраған;
- Қордың инвестициялардан ауыспалы қайтарымдылыққа ықпал ету мақсатында инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігі болған жағдайда Қор инвестициялар объектісін ғана бақылайды.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)**Еншілес ұйымдарға, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар (жалғасы)**

Қордың инвестициялар объектілеріне қатысты дауыстың көпшілігіне қарағанда аз дауыс беру құқығы немесе ұқсас құқықтар болған кезде, Қор осы инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктердің болуын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен мән-жайларды ескереді:

- инвестициялар объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа тұлғалармен келісім;
- басқа келісімдермен негізделген құқықтар;
- дауыс беру құқығы және Қорға тиесілі әлеуетті дауыс беру құқықтары.

Егер фактілер мен мән-жайлар үш бақылау құрамдауышының біреуі немесе бірнешеуінің өзгергенін білдірсе, Қор инвестициялар объектісіне қатысты бақылаудың болуын қайтадан талдайды.

Қауымдасқан компания – соған қатысты Қордың айтарлықтай ықпалы бар компания. Айтарлықтай ықпал – инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясатына қатысты шешімдерді қабылдауға қатысу өкілеттіктері, бірақ мұндай саясатқа қатысты бақылау немесе бірлескен бақылау.

Бірлескен кәсіпорын – бірлескен қызмет туралы келісім, әрі соған сай келісімге қатысты бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптардың бірлескен кәсіпорынның таза активтеріне құқықтары бар. Бірлескен бақылау – бұл шартпен негізделген бақылауды бірлесіп жүзеге асыру, әрі ол тек маңызды қызметке қатысты шешімдердің қабылдануы бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптардың бірауызды келісімін қажет еткен жағдайларда ғана орын алады.

Айтарлықтай ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес компанияларға бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас келеді.

Қаржы активтері***Бастапқы тану және бағалау***

Қаржы активтері алғаш рет танылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа да жиынтық кіріс (БЖКӘҚ) арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе шығын арқылы әділ құны (ПШӘҚ) бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі келісімшартта көзделген қаржы активі мен Қор бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Қор іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Қор қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Қор іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес айқындалған мәміленің бағасы бойынша айқындалады.

Қаржы активін амортизацияланған құны бойынша немесе БЖКӘҚ бойынша жіктеу және бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана» болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздеуі қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады. «Ақша ағындары» өлшемшартына жауап бермейтін қаржы активтері, ақша ағындары бизнес-модельге қарамастан ПШӘҚ бойынша бағаланады деп жіктеледі.

Қор қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын әкелу мақсатында Қор өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатындығын айқындайды.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта (стандартты талаптарда жасалатын сауда-саттық) қабылданған қағидамен белгіленген мерзімде активтерді жеткізуді талап етуші қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық операциялар ол жасалған күнге, яғни Қор активті сатып алуға немесе сатуға өзіне міндеттеме қабылдаған күнге танылады.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)**Қаржы активтері (жалғасы)***Кейіннен бағалау*

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері үш санатқа жіктеледі:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- жинақталған пайда мен шығынды кейіннен қайта жіктей отырып басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)

Қор қаржы активтерін амортизацияланған құны бойынша бағалайды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалса:

- қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады; және
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе шығын активтің мойындалуы тоқтаған, ол түрлендірілген немесе құнсызданған жағдайда пайданың немесе шығынның құрамында танылады.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Қор сауда және басқа да дебиторлық берешекті, байланысты тараптарға берілген қарыздар мен банк салымдарын жатқызады.

Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері

Қор қаржы активтерін басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағалайды, егер мына екі өлшемшарт сақталған болса:

- бизнес-модельдің мақсаты барлық шарттық ақша ағындарын алу үшін, сол сияқты қаржы активін сату арқылы қаржы активін ұстап қалу болып табылады; және
- шарттық ақша ағындары тек пайыздық сыйақы мен негізгі борыш бойынша төлемдермен ғана білдірілген. Сыйақы ақшаның уақытша құны мен белгілі бір уақыт кезеңінде өтелуге жататын негізгі борышпен байланысты кредиттік тәуекел үшін ақы төлеуді білдіреді.

Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтеріне негізінен үшінші және байланысты тараптардың борыштық бағалы қағаздары жатады.

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері

ПШӨҚ бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Қор байланысты тараптарға берген және әділ құны бойынша міндетті түрде бағаланатын басқа да қаржы активтерінің құрамына қосылған туынды қаржы құралдары мен купондық облигацияларды қамтитын кейбір қарыздар жатады. Солар бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және пайыздардың есебінен тек төлемдер болып табылмайтын қаржы активтері пайдаланылатын бизнес-модельге қарамастан ПШӨҚ бойынша жіктеледі және бағаланады. Борыштық құралдарды амортизацияланған құны немесе БЖКӨҚ бойынша жоғарыда сипатталғандай жіктеуге арналған өлшемшарттарға қарамастан, борыштық құралдар бастапқыда танылған кезінде, егер осы сияқты жіктеу есептегі сәйкессіздікті жойса немесе айтарлықтай азайтса, ПШӨҚ бойынша ескерілетін ретінде жіктелуі мүмкін.

ПШӨҚ бойынша бағаланатын қаржы активтері қаржылық жағдай туралы жеке есепте әділ құны бойынша ескеріледі, ал олардың әділ құнының таза өзгеруі жиынтық кіріс туралы жеке есепте танылады.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қаржы активтері (жалғасы)***Мойындауды тоқтату*

Қаржы активі (қаржылық жағдай туралы жеке есептен алып тасталады) мойындалуын тоқтатады, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса; не болмаса
- Қор активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідірусіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Қор активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе; не болмаса (б) Қор активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

Егер Қор өзінің активтен ақша ағынын алу барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Қор активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, Қор берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде тануын жалғастырады. Бұл жағдайда Қор тиісті міндеттемені де мойындайды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Қор сақтаған құқық пен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепілдік түрін қабылдайтын жалғасатын қатысу келесі өлшемдердің: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуін Қор талап етуі мүмкін өтемақының ең көп соманың ең азы бойынша бағаланады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Қор пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық қаржы активтеріне қатысты күтілетін кредиттік шығынды (ККШ) бағалау резервін мойындайды.

ККШ шартқа сәйкес Қорға тиесілі болатын ақша ағындары мен Қор бұл актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемеге шамамен тең болатын мөлшерлемені пайдалана отырып, дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын кредит сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

ККШ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап кредит тәуекелі айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық ККШ) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін кредиттік шығынға қатысты шығынды бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін ККШ) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін кредиттік шығынға қатысты шығынға бағалау резерві құрылады.

Сауда және басқа да дебиторлық берешекке қатысты Қор ККШ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше Қор кредиттік тәуекелдің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік шығынға тең сомада шығынды бағалау резервін мойындайды. Қор қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген кредит шығынының пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Егер шартта көзделген төлемдердің мерзімі 90 күнге өтіп кетсе, Қор қаржы активі бойынша дефолт болды деп есептейді. Дегенмен белгілі бір жағдайларда Қор, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Қор ұстап қалатын кредит сапасын арттыру тетіктерін ескерместен, Қордың шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады. Егер Қордың шартта көзделген ақша ағындарының өтелуіне қатысты негізделген үміттері болмаса, қаржы активі есептен шығарылады.

Қосылған құн салығы (ҚҚС)

Салық органдары нетто негізде сатулар мен сатып алулар бойынша ҚҚС өтелуін жасауға мүмкіндік береді, өтелуге жататын ҚҚС ішкі нарықтағы сатулар бойынша ҚҚС-ты шегере отырып, ішкі нарықтағы сатып алулар бойынша ҚҚС-ты білдіреді. Экспортқа сатылымдар нөлдік мөлшерлеме бойынша салынады.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)**Ақша қаражаты мен оның баламалары**

Ақша қаражаты мен оның баламаларына кассадағы қолма-қол ақша, талап еткенге дейінгі салымдарда орналасқан қаражат, бастапқы өтеу мерзімі 3 (үш) айдан артық болмайтын басқа да қысқа мерзімді өтімділігі жоғары инвестициялар жатады.

Қаржылық міндеттемелер***Бастапқы тану және бағалау***

9 ХКЕС-тің қолданылу саласында тұрған қаржылық міндеттемелер тиісінше пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер немесе кредиттер мен қарыз алулар ретінде жіктеледі. Қор өзінің қаржылық міндеттемелерін оларды бастапқы мойындау кезінде жіктейді.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда қарыздар мен кредиттер болған жағдайда мәміле бойынша солармен тікелей байланысты шығындарға ұлғайтылған әділ құны бойынша мойындалады. Қордың қаржылық міндеттемелері сауда және өзге де кредиторлық берешекті, алынған қарыздарды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздарын, қаржылық кепілдік шарттарын және өзге де міндеттемелерді қамтиды.

Кейіннен бағалау

Қаржылық міндеттемелерді кейіннен бағалау олардың жіктелуіне былайша тәуелді болады:

Қарыздар және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары

Бастапқыда танылғаннан кейін пайыздық кредиттер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар, оларды тануды тоқтатқанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы амортизацияның есептелуіне қарай жиынтық кіріс туралы жеке есепте танылады. Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлемені амортизациялау жиынтық кіріс туралы жеке есептегі пайыздық шығыстардың құрамына кіреді.

Шығарылған қаржы құралдары немесе олардың құрамдауыштары, егер шарттық келісімнің нәтижесінде Қордың не ақшалай қаражатты немесе өзге де қаржылық активтерді жеткізу міндеттемесі, не тіркелген ақшалай қаражаттың немесе басқа да қаржылық активтердің тіркелген сомасын тіркелген меншікті үлестік құралдар санына айырбастауға қарағанда, міндеттемені өзгеше түрде орындау міндеттемесі болса, олар міндеттемелер ретінде жіктеледі. Мұндай құралдар қарыздарды және мәмілеге тікелей байланысты шығындарды шегергендегі алынған қаражаттың әділ құны бойынша бастапқыда ескерілген кредиттік мекемелерден алынған Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздарын қамтиды. Кейіннен алынған қаражат амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі және алынған қаражаттың таза шамасы мен өтеу құны арасындағы тиісті айырмашылық тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып қарыз беру кезеңіндегі жиынтық кіріс туралы жеке есепте танылады. Егер Қор өзінің меншікті борыштық міндеттемесін сатып алса, онда ол қаржылық жағдай туралы жеке есептен шығарылады, ал міндеттеменің баланстық құны мен мәміле бойынша төленген өтелім арасындағы айырмашылық пайыздық кірістерге қосылады.

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бухгалтерлік есепте қарыздардың қағидаттары сияқты Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары да көрсетілетін Қордың айналымға шығарылған облигацияларында берілген.

Қаржылық кепілдік шарттары

Қор шығарған қаржылық кепілдік шарттары борыштық құралдың талаптарына сәйкес белгілі бір борышкердің уақтылы төлемді жүзеге асыра алмауы салдарынан осы шарттың иесіне келтірілген шығындарды өтеу үшін төлем жүргізуді талап ететін шарттарды білдіреді. Қаржылық кепілдік шарттары бастапқыда кепілдіктің шығуымен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды ескере отырып әділ құны бойынша міндеттеме ретінде мойындалады. Кейіннен міндеттеме келесі өлшемдердің ең үлкені бойынша бағаланады: шығынға бағалау резервінің сомалары мен жинақталған амортизацияны шегере отырып міндеттеменің танылған сомасы.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)**Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)***Кейінгі бағалау (жалғасы)**Инвестицияларды сатып алу кезінде туындайтын опциондар*

Егер инвестицияларды сатып алу кезінде Қор сатушыға кәсіпорында сатып алған үлес бойынша колл опциондарын берсе, Қор осындай опционға қатысу сатушыға осындай үлеске меншік құқығына байланысты пайда мен тәуекелдерге кол жетімділік беретінін-бермейтінін бағалайды.

Егер сатып алған үлес бойынша колл опциондары опцион ұстаушысына үлестік иеленудің пайдасы мен тәуекелдеріне қолжетімділік бермеген жағдайда бұл опцион Қордың елеулі ықпалын анықтау кезінде ескерілмейді.

Қор үшін опцион бойынша міндеттемелердің әділ құны сатып алынған инвестициялар құнының бір бөлігі ретінде танылады. Кейіннен қаржылық міндеттеме 9 ХҚЕС талаптарына сәйкес бағаланады. Қаржылық міндеттеменің әділ құнындағы өзгерістер, сондай-ақ осы опциондарды іске асырумен байланысты кез келген кірістер немесе шығыстар жиынтық кіріс туралы жеке есепте ескеріледі.

Туынды қаржы құралдары

Бастапқыда туынды құралдар туынды құралдың шартын жасаған күндегі әділ құн бойынша танылады және кейіннен әрбір есепті күнде олардың әділ құнына дейін қайта бағаланады. Жиынтық пайда немесе шығын, егер туынды құрал хеджирлеу құралы ретінде танылмаса және жарамсыз болса, жиынтық кіріс туралы жеке есепте танылады, бұл жағдайда жиынтық кіріс туралы жеке есептегі тану мерзімі хеджирлеу қатынастарының сипатына байланысты болады.

Оң әділ құны бар туынды құрал қаржылық актив ретінде, ал теріс әділ құны бар туынды құрал – қаржылық міндеттеме ретінде танылады. Туынды құрал егер құралды қолданудың қалған мерзімі 12 (он екі) айдан асқан және оны сату немесе өтеу таяу арадағы 12 (он екі) айдың іші деп болжанбаған жағдайда ұзақ мерзімді актив немесе ұзақ мерзімді міндеттеме ретінде көрсетіледі. Өзге туынды құралдар ағымдағы активтерге немесе ағымдағы міндеттемелерге енгізіледі.

Қаржылық міндеттемені тануды тоқтату

Қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады.

Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің танылуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені танудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың ағымдағы құнындағы айырмасы пайда мен шығында танылады.

Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы тиіс, ал нетто-сомасы қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға, сондай-ақ нетто-негізде есеп айырысу ниетіне не болмаса активтерді өткізуге және осымен бірге міндеттемелерді өтеуге заңгерлік құқық болғанда ғана қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылуы тиіс.

Акционерге беру үшін ұсталатын активтер ретінде жіктелетін ұзақ мерзімді активтер

Егер активтер мынадай өлшемшарттарға сәйкес келсе:

- ағымдағы жағдайында жедел беру үшін олар қолда бар болса;
- жоспарланған беруді жүзеге асыруға аса ниеті болса;
- жоспарды аяқтау үшін алдын ала белсенді әрекеттер қолданылатын болса;
- беруді жүзеге асыру ықтималдығы жоғары болса және беру жіктеу сәтінен бастап 1 (бір) жылдың ішінде аяқталады деп күтілсе, Акционерге беру үшін ұсталатын ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктеледі.

Акционерге беру үшін ұсталатын ретінде жіктелетін ұзақ мерзімді активтер жиынтық кіріс туралы жеке есепте бөлек ұсынылған.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)**Акционерге беру үшін ұсталатын активтер ретінде жіктелетін ұзақ мерзімді активтер (жалғасы)**

Акционерге беру үшін ұсталатын активтер ретінде жіктелетін ұзақ мерзімді активтер (және шығу топтары) беруге арналған шығындар шегеріле отырып, активтердің баланстық құны мен әділ құнның ең азы бойынша есепке алынады.

Акционерге беру үшін ұсталатын актив ретінде жіктелуін тоқтатқан ұзақ мерзімді актив мыналардың ішінен ең аз мән бойынша:

- егер осы актив (немесе шығу тобы) Акционерге беруге арналған актив ретінде жіктелмесе, кез келген амортизацияға немесе танылған қайта бағалауға түзетіле отырып, актив (немесе шығу тобы) Акционерге беруге арналған актив ретінде жіктелгенге дейін оның баланстық құнынан; және
- беруден бас тарту туралы кейінгі шешім күніндегі оның өтелетін сомасынан бағаланады.

Активтер мен міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктеу

Қаржылық жағдай туралы жеке есепте Қор активтер мен міндеттемелерді олардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив мына жағдайда қысқа мерзімді ретінде жіктеледі:

- оны сату болжанса немесе ол әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде сатуға және тұтынуға арналса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін арналса;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде өткізу болжанса; немесе
- есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе айырбастауға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаражатын немесе оның баламаларын білдіреді.

Барлық басқа активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

Міндеттеме мына жағдайларда қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде өтеу болжанса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін ұсталса;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде өтелуге тиіс болса; немесе
- компанияның есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде міндеттемелердің өтелу мерзімін ұзартуға сөзсіз құқығы болмаса.
- Қор барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Кірісті тану

Кірістер Қор операциямен байланысты экономикалық пайданы алатын ықтималдық бар болған кезде танылады және кіріс сомасы дұрыс белгіленуі мүмкін.

Пайыздық және дәл сондай кірістер мен шығыстар

Уақытша бос ақша қаражатын орналастырудан болатын пайыздық кірісті қоспағанда, барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер Қордың негізгі қызметінен алынатын кірістерді білдіреді және пайыздық кірістердің құрамында ашып көрсетіледі. Уақытша бос ақша қаражатын орналастырудан болатын пайыздық кірістер қаржылық кірістердің құрамында ашып көрсетіледі.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары және пайда мен шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялар ретінде жіктелген пайыздық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер немесе шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеменен көрсетіледі. Осы мөлшерлеме бойынша дисконттау кезінде күтілетін болашақтағы ақшалай төлемдер немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішіндегі немесе өте қысқа уақыт кезеңі ішіндегі түсімдер, олар қолданылатын жерде бұл қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнына дәлме-дәл келтіріледі. Есептеу кезінде қаржылық құрал бойынша барлық шарттық талаптар (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы) және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын құралға тікелей байланысты комиссиялық немесе қосымша шығыстар ескеріледі, бірақ кредиттер бойынша болашақ шығыстар ескерілмейді.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)**Кірісті тану (жалғасы)**

Пайыздық және дәл сондай кірістер мен шығыстар (жалғасы)

Қор төлемдердің немесе түсімдердің бағаларын қайта қарастырған жағдайда, қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің баланстық құны түзетіледі. Түзетілген баланстық құн бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде есептеледі, ал баланстық құнның өзгерісі пайыздық кірістер мен шығыстар ретінде бейнеленеді.

Құнсыздану салдарынан жеке қаржылық есептілікте көрсетілген қаржылық активтің немесе ұқсас қаржылық активтер тобының құны төмендеген жағдайда, пайыздық кірістер жаңа баланстық құн негізінде бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша танылуын жалғастырады.

Дивидендтер

Дивидендтер бойынша кіріс Қордың төлем алу құқығы белгіленген жағдайда танылады.

Шығыстарды тану

Шығыстар пайда болу сәтіне танылады және олар есептеу әдісінің негізіне жатқызылған сол кезеңде жеке қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Мемлекеттік субсидиялар

Қазақстан Республикасы Үкіметі Қордың жалғыз акционері болғандығына байланысты Қор Үкімет қандай жағдайларда ең алдымен Акционер ретінде, ал қандай жағдайларда реттеуші ретінде әрекет ететіндігін бағалай отырып, Үкіметпен жасасқан барлық мәмілелерді талдайды. Егер нақты операция кезінде Үкіметтің акционер ретінде әрекет ететіндігі анықталса, Қордың мұндай операцияның нәтижесінде алған кез келген пайдасы немесе шеккен шығыны тікелей капиталда жарна немесе Акционердің капиталын алып қою ретінде мойындалады.

Егер Үкіметтің ерекше операциясы Акционер ретіндегі әрекет ретінде анықталмаса, мұндай операциялар «Мемлекеттік субсидияларды есепке алу және мемлекеттік көмек туралы ақпаратты ашу» 20 ХБЕС ережелеріне сәйкес ескеріледі. Мұндай жағдайларда мемлекеттік субсидиялар субсидиялардың алынатындығы және онымен байланысты барлық қажетті жағдайлардың орындалатындығына ақылға қонымды сенімділік болған кезде олардың әділ құны бойынша мойындалады. Егер субсидия шығыс бабына қатысты болған жағдайда, ол жүйелі негізде өтеуі тиіс тиісті шығыстармен салыстыру үшін қажетті кезең ішіндегі кіріс ретінде мойындалады. Субсидия активке қатысты болған кезде оның әділ құны болашақ кезеңдердің кірісіне жатқызылады және тиісті активтің пайдалы қызмет етуінің күтілетін кезеңі ішінде жиынтық кіріс туралы жеке есепте тең бөліктермен жыл сайын көрсетіледі. Кіріске жататын субсидиялар жиынтық кіріс туралы жеке есепте операциялық қызметтен түсетін кірістердің құрамында жеке көрсетілген.

Табыс салығы

Бір жылғы табыс салығы ағымдағы және кейінге қалдырылған салықты қамтиды. Табыс салығы ол өз капиталына тікелей жатқызылған баптарға жататын жағдайларды қоспағанда, жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі және бұл жағдайда ол капиталда танылады.

Табыс салығы бойынша ағымдағы шығыстар бір жылдағы салық салынатын пайда бойынша төленетін, күтілетін салықтарды және өткен жылдарға қатысты төленетін салыққа қатысы бар кез келген түзетулерді білдіреді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер баланстық әдісті пайдалана отырып, барлық уақытша айырмашылықтарына қатысты есептеледі.

Кейінге қалдырылған салықтар компаниялардың бірігуі болып табылмайтын және оны жасау сәтінде бухгалтерлік кіріске немесе салық салынатын пайда мен шығынға әсерін тигізбейтін мәміле бойынша гудвилді, активті немесе міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде кейінге қалдырылған табыс салығы пайда болған жағдайды қоспағанда, жеке қаржылық есепте активтер мен міндеттемелердің салықтық базасы және олардың баланстық құны арасындағы барлық уақытша айырмашылықтар бойынша айқындалады.

Кейінге қалдырылған салық активі шегерілетін уақытша айырмашылықтар сомасына төмендетілуі мүмкін салық салынатын пайданы алудың елеулі ықтималдылығы дәрежесінде ғана танылады. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мен активтері есепті күнге қолданылып жүрген немесе жарияланған (іс жүзінде қабылданған) салық мөлшерлемелері негізінде қолданылуы активті өткізу немесе міндеттемені өтеу кезеңінде күтілетін салық мөлшерлемелері бойынша есептеледі.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)**Капитал***Жарғылық капитал*

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Кәсіпорындарды біріктіру жағдайларын қоспағанда, жаңа акцияларды шығаруға тікелей байланысты үшінші тараптарға қызметтеріне ақы төлеу шығындары осы эмиссия нәтижесінде алынған соманы төмендету ретінде капиталдың құрамында көрсетіледі. Шығарылған акциялардың номиналды құнының үстінен алынған қаражаттың әділ құнынан асып кеткен сома бөлінбеген пайдаға жатады.

Дивидендтер

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға жеке қаржылық есептілікті бекіту күніне дейін ұсынылса немесе жарияланса, жеке қаржылық есептілікте ашылып көрсетіледі.

4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР

Қордың жеке қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан жеке қаржылық есептілікте көрсетілген кірістер, шығыстар, активтер мен міндеттемелер сомасына, сондай-ақ есепті күнде шартты міндеттемелер мен активтер туралы ақпаратты ашуға ықпал ететін пайымдаулар шығаруды, бағалау мәндері мен жол берулерді айқындауды талап етеді. Алайда осы жол берулер мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік болашақта осыған ұқсас жол берулер мен бағалаулар жасауға қатысты активтің немесе міндеттеменің баланстық құнына елеулі түзетулерді талап ететін нәтижелерге алып келуі мүмкін.

Болашақ туралы негізгі болжаулар және есепті күнге бағалаулардағы айқынсыздықтың басқа да негізгі көздері төменде қаралады, олар келесі қаржы жылы ішінде активтердің баланстық құны мен міндеттемелерге елеулі түзетулердің себебі болуы мүмкін.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржылық жағдай туралы жеке есепте танылған қаржы құралдарының және қаржы міндеттемелерінің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталады. Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде алайда, бұл іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі талап етіледі. Пайымдаулар өтімділік тәуекелі, кредиттік тәуекел және өзгермелілік сияқты бастапқы деректерді есепке алынуын қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдарға өзгерістер жеке қаржылық есептілікте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін.

Салық салу

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде басшылық, Қор дауласпайтын немесе егер қосымша салықтарды салық органдары есептейтін болса, ол ойдағыдай шағымдана алады деп есептемейтін салық заңнамасын сақтамаудың белгілі салаларын ықтимал міндеттемелері ретінде қарастырады. Мұндай анықтау елеулі пайымдауларды жасауды талап етеді және салық заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілердегі өзгерістер, салық салу талаптарына түзетулер, салық талқылауларынан өзі күтетін шешімдер бойынша болжамды нәтижелерді және сәйкестікті тексеруге салық органдары жүзеге асыратын ағымдағы нәтижені анықтау нәтижесінде өзгеруі мүмкін.

Кейінге қалдырылған салық активтері

Кейінге қалдырылған салық активтері барлық резервтер мен салық салынатын уақытша айырмашылықтарға және осындай шығыстардың коммерциялық сипатына, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясын табысты қолдануға негіздеу ықтималдығы бар дәрежеде өзге де міндеттемелер бойынша танылды. 2021 жылғы 31 желтоқсанда кейінге қалдырылған салық активтерінің танылмаған сомасы 55.564 миллион теңгені (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 49.134 миллион теңге) құрады (24-ескертпе).

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)****Күтілетін кредиттік шығынды бағалау**

9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай қаржы активтерінің барлық санаттары бойынша шығынды бағалау пайымдауды қолдануды қажет етеді, атап айтқанда, құнсыздану шығынын айқындау және кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюын бағалау кезінде келешек ақша ағындарының көлемі мен пайда болу мерзімдерін және қамтамасыз ету құнын бағалау қажет. Мұндай есепті бағалаулар бірқатар факторларға байланысты болады, солардағы өзгерістер құнсызданудың бағалау резервтерінің түрлі сомаларына әкеп соқтыра алады. Қордың ККШ есептеулері ауыспалы бастапқы деректер мен олардың өзара тәуелділіктерін таңдауға қатысты бірқатар базалық жорамалдар кіретін күрделі модельдердің нәтижесі болып табылады. Пайымдаулар мен есепті бағалаулар болып есептелетін ККШ есептеу модельдерінің элементтеріне келесілер жатады:

- Қор дефолт ықтималдылығын (PD) айқындау үшін пайдаланатын ішкі кредиттік рейтингіні тағайындау жүйесі;
- солар бойынша ККШ топшілік негізде бағаланғанда қаржы активтерін топтарға біріктіру;
- ККШ-ны есептеу модельдерін әзірлеу, оған қоса түрлі формулалар және бастапқы деректерді таңдау;
- макроэкономикалық сценарийлер мен экономикалық деректер арасындағы өзара байланыстарды айқындау, мысалы, бір жылға шегіне отырып мұнай бағасын, сондай-ақ дефолт ықтималдылығының (PD) көрсеткіштеріне, дефолт тәуекеліне ұшырайтын көлемге (EAD) және дефолт кезінде шығындар деңгейіне (LGD) әсері.

Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздануы

Қор әрбір есепті күнге еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың баланстық құнының құнсыздану индикаторларының болуын тексереді. Егер мұндай индикаторлар болса, активтердің өтелетін құны бағаланады және активтердің баланстық құнымен салыстырылады. Егер баланстық құн активтердің өтелетін құнынан асатын болса, құнсыздану мойындалады. Өтелетін құн қос мәннің ең үлкені ретінде айқындалады: өткізуге шығатын шығыстарды және пайдалану құндылығын шегере отырып активтердің әділ құны. Пайдаланудан болған құндылықты бағалау кезінде, есепті келешек ақша ағындары ақшаның және активтерге тән тәуекелдердің уақытша құнының Қор Басшылығының пікірінше ағымдағы нарықтық бағалауын көрсететін капиталдың орташа алынған құнының базасында есептелген (WACC) салық салынғанға дейінгі дисконт мөлшерлемесін пайдалана отырып, олардың ағымдағы құнына дейін дисконтталады. Бағаланған өтелетін құндағы өзгеріс қосымша құнсыздануға немесе оның келешек кезеңдерде қалпына келтірілуіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-ға (бұдан әрі – «ҚТЖ») салынған инвестициялардың құнсыздануы

Активтердің құнсыздану белгілері болуының айқындалуы теміржол индустриясының күтілетін өсіміндегі өзгеріс, болжамды ақша ағындары, келешекте қаржыландырудың қолжетімділігінің өзгеруі; технологиялық ескіру, қызметтерді көрсетудің тоқтатылуы, орнын ауыстыруға ағымдағы шығындар және талаптардың басқа да өзгерістері сияқты көптеген факторларға негізделеді.

Қор басшылығы ҚТЖ-дағы инвестициялардың құнсыздану индикаторларын саралады. Жасалған талдаудың негізінде ҚТЖ-ға салынған инвестициялардың баланстық құны 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚТЖ-ның таза активтерінен жоғары болды.

ҚТЖ-ға салынған инвестициялардың құнсыздану индикаторларының болуына орай Қор 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсыздануға тест өткізді. ҚТЖ-ға салынған инвестициялардың өтелетін құны пайдалану құндылығының әдісі негізінде айқындалды.

Ақша ағындарын бағалауға көптеген субъективті факторлар қосылған, оның ішінде ең үздік қолжетімді дәлелдерді пайдалана отырып, операциялық және қаржылық.

Тест кезінде пайдаланылған операциялық жорамалдар тасымалдаудың барынша ықтимал көлемдерін, оның ішінде сұраныстың жоспарланған көлемінің және транзиттік қатынаста жүк тасымалы өсімінің тарихи серпінділігінің негізінде, стратегиялық мақсаттарға қолжеткізу құралы болып табылатын ҚТЖ-ның бекітілген бизнес-жоспарының негізінде транзит көлемін көрсетеді.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)****Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздануы (жалғасы)**

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-ға (бұдан әрі – «ҚТЖ») салынған инвестициялардың құнсыздануы (жалғасы)

Қаржылық жорамалдарға тарифтердің болжамды деңгейімен және өсуімен, ұсынылатын жеңілдіктермен, сондай-ақ теңгенің швейцария франкісіне қатысты болжамды бағамымен байланысты едәуір бағалаулар жатады. Есептеулерде пайдаланылған шешуші ұзақ мерзімді жорамалдар 3,09% өсімнің жыл сайынғы үрдісі мен 10,86% мөлшеріндегі дисконттау мөлшерлемесі қолданылды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың инвестицияларын пайдалану құндылығын есептеудің негізінде құнсыздану анықталған жоқ. Бұл ретте пайдалану құндылығының есебі келесі жорамалдарға сезімтал келеді:

- транзиттік ара қатынаста жүк тасымалының көлемдеріне;
- кірістілік мөлшерлемесі, оған қоса тарифтердің өсуі, тасымалданатын жүк түрлері, жүк тасымалдауының қашықтығы; және
- дисконттау мөлшерлемесіне (WACC).

Қор сезімталдылықты талдап, қалған жеке және өзгермейтін параметрлердегі шешуші жорамалдардағы өзгерістер кезінде құнсыздану болмайды:

- *транзиттік қатынаста жүк тасымалының көлемдері* – таяу арадағы 5 жылда жоспарлы көлеммен салыстырғанда көлемнің 10%-ға төмендеуі;
- *дисконттау мөлшерлемесі (WACC)* – дисконттау мөлшерлемесінің 10,86%-дан 13,86%-ға дейін ұлғаюы.

Дегенмен жоғарыда аталған шешуші жорамалдардың әрқайсысы едәуір өзгерген кезде немесе бірнеше фактордың бірмезгілде негативті ықпалы кезінде, Қор инвестицияларының баланстық құны олардың өтелетін құнынан жоғары болып қалуы мүмкін, бұл құнсыздануды келешекте мойындау қажеттілігіне әкеле алады.

«АстанаГазҚМГ» АҚ-ға (бұдан әрі – «АстанаГаз») салынған инвестициялардың құнсыздануы

Қор басшылығы АстанаГаздағы инвестициялардың құнсыздану индикаторларын саралады. Жасалған талдаудың негізінде АстанаГазға салынған инвестициялардың баланстық құны 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша АстанаГаздың таза активтерінен жоғары болды.

АстанаГазға салынған инвестициялардың құнсыздану индикаторларының болуына орай Қор 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсыздануға тест өткізді. АстанаГазға салынған инвестициялардың өтелетін құны пайдалану құндылығының әдісі негізінде айқындалды. Пайдалану құндылығы «Сарыарқа» магистральдық газ құбырының терминалды құнының (пост болжамды кезеңде) келтірілген құны ретінде бағаланды. Терминалды құнның есептелуі «Сарыарқа» магистральдық газ құбыры модельдеудің барлық кезеңінде, постболжамды кезеңді қоса, АстанаГаздың меншігінде болады деген жорамалдың негізінде қалыптастырылды, бұл компанияға оны АстанаГаз акционерлерін қанағаттандыратын талаптарда 2033 жылдан кейін, яғни жалдау төлемдері негізінен қарыздарға қызмет көрсетуге жұмсалатын кезеңнен кейін жалға беруді жалғастыруға мүмкіндік береді.

Есептеу кезінде 12,40% дисконттау мөлшерлемесі (WACC) пайдаланылды. Бұл талдаудың нәтижесінде 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсыздану анықталмады. WACC мөлшерлемесінің 1%-ға ұлғаюы Қор инвестицияларының баланстық құны олардың өтелетін құнынан жоғары болуына әкеп соқтыра алады, бұл құнсыздануды келешекте мойындау қажеттілігіне әкеле алады.

«Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС-ға (бұрынғы – «Біріккен химиялық компания» ЖШС) (бұдан әрі – «Samruk-Kazyna Ondeu») салынған инвестициялардың құнсыздануы

Қор басшылығы Samruk-Kazyna Ondeu-дегі инвестициялардың құнсыздану индикаторларын саралады. Жасалған талдаудың негізінде Samruk-Kazyna Ondeu-ге салынған инвестициялардың баланстық құны 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Samruk-Kazyna Ondeu-дің таза активтерінен жоғары болды.

Samruk-Kazyna Ondeu-ге салынған инвестициялардың құнсыздану индикаторларының болуына орай Қор 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсыздануға тест өткізді. Samruk-Kazyna Ondeu-ге салынған инвестициялардың өтелетін құны пайдалану құндылығының әдісі негізінде айқындалды.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)****Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздануы (жалғасы)**

«Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС-ға (бұрынғы – «Біріккен химиялық компания» ЖШС) (бұдан әрі – «Samruk-Kazyna Odeu») салынған инвестициялардың құнсыздануы (жалғасы)

Қаржылық жорамалдарға полипропиленге бағалардың болжамды деңгейімен және өсуімен, сондай-ақ теңгенің АҚШ долларына қатысты болжамды бағамымен байланысты едәуір бағалаулар жатады. Есептеулерде пайдаланылған шешуші ұзақ мерзімді жорамалдар 2,40% өсімнің жыл сайынғы үрдісі мен 8,18% мөлшерінде АҚШ долларында дисконттау мөлшерлемесі қолданылды.

Инвестицияның өтелетін құнын бағалаудың нәтижесінде 2021 жылғы 31 желтоқсанға құнсыздану анықталмады. Бұл ретте пайдалану құндылығының есебі келесі жорамалдарға сезімтал келеді:

- полипропиленді өткізу көлемдері;
- АҚШ долларының бағамы;
- дисконттау мөлшерлемесіне (WACC).

Қор сезімталдылықты талдап, қалған жеке және өзгермейтін параметрлердегі шешуші жорамалдардағы өзгерістер кезінде құнсыздану болмайды:

- *дисконттау мөлшерлемесі (WACC)* – дисконттау мөлшерлемесінің 9%-дан 10,9%-ға дейін ұлғаюы.

Samruk-Kazyna Odeu жобаларының көпшілігі бастапқы сатыда және жоба әрі жобалар экономикасының кезеңдеріндегі кідірістер сияқты сыртқы және ішкі факторлардың өзгеруіне сезімтал келеді. Жоғарыда аталған факторлардың әрқайсысының келешектегі едәуір өзгерістері немесе бір мезгілде бірнеше фактордың теріс ықпалы мұндай өзгерістер орын алатын кезеңдерде құнсызданудан болатын едәуір шығынның пайда болуына әкеп соқтыра алады.

«Қазпошта» АҚ-ға (бұдан әрі – «Қазпошта») салынған инвестициялардың құнсыздануы

Қор басшылығы Қазпоштадағы инвестициялардың құнсыздану индикаторларын саралады. Жасалған талдаудың негізінде Қазпоштаға салынған инвестициялардың баланстық құны 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазпоштаның таза активтерінен жоғары болды.

«Қазпошта» АҚ-ға салынған инвестициялардың құнсыздану индикаторларының болуына орай Қор 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсыздануға тест өткізді. «Қазпошта» АҚ-ға салынған инвестициялардың өтелетін құны пайдалану құндылығының әдісі негізінде айқындалды.

Ақша ағындарын бағалауға көптеген субъективті факторлар қосылған, оның ішінде ең үздік қолжетімді дәлелдерді пайдалана отырып, операциялық және қаржылық.

Тест кезінде пайдаланылған операциялық жорамалдар стратегиялық мақсаттарға қол жеткізудің құралы болып табылатын «Қазпошта» АҚ-ның бекітілген бизнес-жоспарының негізінде пошта қызметтерінің барынша ықтимал көлемдерін көрсетеді.

Қаржы жорамалдарына болжамды деңгеймен және тарифтердің өсуімен, берілетін жеңілдіктермен байланысты едәуір бағалаулар жатады. Есептеулерде пайдаланылған шешуші ұзақ мерзімді жорамалдар 4,5% өсімнің жыл сайынғы үрдісі мен 11,88% мөлшеріндегі дисконттау мөлшерлемесі қолданылды.

Инвестицияның өтелетін құнын бағалаудың нәтижесінде 2021 жылғы 31 желтоқсанға құнсыздану анықталмады.

«QAZAQ AIR» АҚ-ға (бұдан әрі – «QAZAQ AIR») салынған инвестициялардың құнсыздануы

Қор басшылығы QAZAQ AIR-дағы инвестициялардың құнсыздану индикаторларын саралады. Жасалған талдаудың негізінде QAZAQ AIR-ға салынған инвестициялардың баланстық құны 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша QAZAQ AIR-дың таза активтерінен жоғары болды.

«QAZAQ AIR» АҚ-ға салынған инвестициялардың құнсыздану индикаторларының болуына орай Қор 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсыздануға тест өткізді. «QAZAQ AIR» АҚ-ға салынған инвестициялардың өтелетін құны нарықтық әдістің негізінде айқындалды. Инвестициялардың әділ құны 5 әуе кемесінің әділ құнының сомасы және «QAZAQ AIR» АҚ-ның өтімділігі жоғары қаржы активтері құнының сомасы ретінде айқындалды.

2021 жылғы 31 желтоқсанға инвестициялардың өтелетін құнын бағалау нәтижесінде, құнсыздану анықталды және Қор 12.200 миллион теңге мөлшеріндегі еншілес ұйымдарға инвестициялардың құнсыздануынан болған шығынды жиынтық кіріс туралы жеке есепте таныды (5-ескерпне).

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**5. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР**

Келесі кестеде Қордың еншілес ұйымдарына салынған инвестициялар, олардың қызметі, тіркелген елі немесе орналасқан жері, сондай-ақ Қордың бұл ұйымдарға қатысу үлесі көрсетілген:

Миллион теңгемен	Қызметінің түрі	Елі	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан	Иелік ету үлесі	
					2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ	Жолаушылар және жүк тасымалы	Қазақстан	1.494.701	1.490.915	100,00%	100,00%
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	Мұнай мен газды барлау, өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау	Қазақстан	1.187.621	1.187.621	90,42%	90,42%
«Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС (бұрынғы – «Біріккен химиялық компания» ЖШС)	Химия саласындағы жобаларды әзірлеу және іске асыру	Қазақстан	531.291	427.843	100,00%	100,00%
«Самұрық-Энерго» АҚ	Электр және жылу энергиясын өндіру	Қазақстан	456.033	456.033	100,00%	100,00%
«Тау-кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ	Қатты пайдалы қазбаларды барлау, өндіру және қайта өңдеу	Қазақстан	293.333	293.135	100,00%	100,00%
«Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ («КЕГОК»)	Электр қуатын тарату	Қазақстан	120.648	120.648	90,00% + 1	90,00% + 1
«ҚазАтомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ	Уранды, сирек металдарды шығару және өндіру	Қазақстан	110.608	110.608	75,00%	75,00%
«Қазақтелеком» АҚ	Телекоммуникациялар қызметі	Қазақстан	93.212	93.212	52,03%	52,03%
«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС	Инвестициялық қызмет	Қазақстан	68.517	67.341	100,00%	100,00%
«Қазпошта» АҚ	Пошта және қаржылық қызмет	Қазақстан	42.902	42.663	100,00%	100,00%
«Samruk-Kazyna Construction» АҚ	Құрылысты және жылжымайтын мүлікті басқару	Қазақстан	31.849	31.849	100,00%	100,00%
«QAZAQ AIR» АҚ	Авиатасымалдаулар	Қазақстан	12.200	8.162	100,00%	100,00%
«Эйр Астана» АҚ	Авиатасымалдаулар	Қазақстан	7.276	7.276	51,00%	51,00%
«Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС	Трансформацияны іске асыру бойынша сервистік қызметтер, АТ саласында ақпараттық және сервистік қызметтер	Қазақстан	2.606	2.606	100,00%	100,00%
«Қазақстан атом электр станциялары» АҚ	Атом электр станцияларын салу жобаларын іске асыру	Қазақстан	1.123	1.030	100,00%	100,00%
«Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС	Сатып алу қызметін ұйымдастыру	Қазақстан	21	1.285	100,00%	100,00%
«QazaqGaz» ұлттық компаниясы» АҚ (бұрынғы – «ҚазТрансГаз» ұлттық компаниясы» АҚ)	Табиғи газ бен газ конденсатын барлау, өндіру, тасымалдау, өткізу және сақтау	Қазақстан	–	–	100,00%	–
«КОРЭМ» АҚ	Электр қуаты нарығының операторы	Қазақстан	–	–	–	100,00%
Минусы: құнсыздану резерві			(12.200)	–		
			4.441.741	4.342.227		

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

5. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)**Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардағы өзгерістер**

Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардағы қозғалыс былайша көрсетілген:

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ

2021 жылы Қор 3.786 миллион теңге мөлшерінде мүліктік салым күйінде «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-ның жарғылық капиталына салым салды.

«Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС

«Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС-ға инвестициялар сомасы 103.448 миллион теңге мөлшеріндегі жалпы сомаға негізінен 86.469 миллион теңге мөлшеріндегі ақша жарнасы күйінде жарғылық капиталға салым есебінен, оның ішінде Ұлттық қор қаражатының есебінен 53.345 миллион теңге және өз қаражатының есебінен 33.124 миллион теңге сомаға ұлғайды.

Сондай-ақ Қор «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС-ға нарықтағыдан төмен пайыздық мөлшерлеменен 1.161 миллион теңге мөлшеріндегі жалпы сомаға екі қосымша транш берді, осы қарызды беру күніндегі әділ құн мен оның номиналды құны арасындағы айырмашылық ретінде есептелген 73 миллион теңге мөлшеріндегі дисконт инвестицияларды ұлғайту ретінде танылды (*7-ескерту*).

Кезең ішінде Қор «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС-ның Қытай Даму Банкінен алынған қарызы бойынша қосымша транштарды алумен байланысты 16.906 миллион теңге мөлшерінде берілген қаржылық кепілдік бойынша қосымша міндеттемелерді мойындады.

«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС

2021 жылғы 15 қаңтарда Қор «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС еншілес ұйымы шығарған облигацияларды нарықтағыдан төмен пайыздық мөлшерлеменен 4.195 миллион теңге мөлшеріндегі жалпы сомаға сатып алды, осы қарызды беру күніндегі әділ құн мен оның номиналды құны арасындағы айырмашылық ретінде есептелген 1.176 миллион теңге мөлшеріндегі дисконт инвестицияларды ұлғайту ретінде танылды.

«QAZAQ AIR» АҚ

2021 жылы Қор «QAZAQ AIR» АҚ-ға нарықтағыдан төмен пайыздық мөлшерлеменен 844 миллион теңге мөлшеріндегі жалпы сомаға қарыз бойынша қосымша транштар берді, осы қарызды беру күніндегі әділ құн мен оның номиналды құны арасындағы айырмашылық ретінде есептелген 18 миллион теңге мөлшеріндегі дисконт инвестицияларды ұлғайту ретінде танылды (*7-ескерту*).

Сондай-ақ 2021 жылғы 25 қазанда Қор 2019 жылғы 24 қазандағы қарызды өтеу кестесінің өзгеруіне орай «QAZAQ AIR» АҚ-на салынған инвестициялардың ұлғаюы ретінде 4.020 миллион теңге мөлшерінде дисконт сомасын таныды.

Құнсыздануға жүргізілген тесттің нәтижесінде Қор «QAZAQ AIR» АҚ-на 12.200 миллион теңге мөлшерінде салынған инвестициялардың құнсыздануынан болған шығынды жиынтық кіріс туралы жеке есепте таныды (*4-ескерту*).

«Қазпошта» АҚ

Қор 2021 жылғы 6 мамырда «Қазпошта» АҚ-ның жарғылық капиталына ақшалай салым күйінде 239 миллион теңге мөлшерінде салым салды.

«Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС

2021 жылғы 11 мамырда Қор 2021 жылы «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС-ның жарғылық капиталының мөлшерін 1.264 миллион теңге мөлшеріндегі сомаға азайту шешімін қабылдады, азайтылған сома дебиторлық берешектің құрамында танылды, әрі ол 2021 жылғы 30 маусымда Қор есебіне ақша қаражатын аудару арқылы өтелді.

Қор 2020 жылы «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС-ның жарғылық капиталының мөлшерін 7.300 миллион теңге мөлшеріндегі сомаға азайту шешімін қабылдады, азайтылған сома дебиторлық берешектің құрамында танылды және 2021 жылы төленді.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**5. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)****Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардағы өзгерістер (жалғасы)***«QazaqGaz» ұлттық компаниясы» АҚ*

2021 жылғы 9 қарашада Қор «QazaqGaz» ұлттық компаниясы» АҚ акцияларының 100%-ын «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-нан 1 теңгеге сатып алды. Инвестиция 1 теңге мөлшеріндегі бастапқы құны бойынша танылды.

«КОРЭМ» АҚ

2021 жылғы 14 сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 17 наурыздағы Қаулысына сәйкес Компания «КОРЭМ» АҚ акцияларын «ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ-ның пайдасына берді. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор бұл инвестицияларды 161 миллион теңге мөлшерінде Акционерге беруге арналған Активтер ретінде жіктеді.

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Қазатомөнеркәсіп»)

2016-2020 жылдарға арналған Жекешелендіру бойынша кешенді жоспардың шеңберінде, Қор IPO арқылы Қазатомөнеркәсіп акцияларының 6,28% «Астана» халықаралық қаржы орталығының биржасында, сондай-ақ Лондонның қор биржасында сатты. Түсімнің жалпы сомасы 85.165 мың теңге болды. Мәміленің нәтижесінде Қор 9.271 миллион теңге мөлшерінде еншілес ұйымға салынған инвестициялардың есептен шығарылуын, комиссиялық шығыстарды шегере отырып, еншілес компаниядағы 75.299 миллион теңге мөлшеріндегі үлестің есептен шығарылуынан түскен кірісті жиынтық кіріс туралы жеке есептің құрамында мойындады (2019 жыл: 43.278 миллион теңге). Алынған қаражаттың жалпы сомасы 83.944 миллион теңге мөлшеріндегі соманы құрады.

6. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

31 желтоқсанда бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар былайша берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
«KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК	1.494.941	1.494.941
«АстанаГазҚМГ» АҚ	43.695	43.695
«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ	16.390	16.390
Минусы: құнсыздану резерві	(9.474)	(9.474)
	1.545.552	1.545.552

Бірлескен кәсіпорындардың қызметі, орналасқан жерлерінің елдері және Қордың бұл ұйымдардағы үлесі 31 желтоқсанға былайша көрсетілген:

Компания	Қызметінің түрі	Елі	Иелік ету үлесі	
			2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
«KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК	Мұнай-газ саласы	Нидерланды	50%	50%
«АстанаГазҚМГ» АҚ	Газ құбырын салу	Қазақстан	50%	50%
«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ	Электр энергиясын өндіру, беру және бөлу	Қазақстан	50%	50%

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**7. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАЛДАУ БОЙЫНША БЕРЕШЕК**

31 желтоқсандағы жағдай бойынша берілен қарыздар мен қаржылық жалдау бойынша берешекке мыналар кірді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Еншілес ұйымдарға берілген қарыздар	372.218	383.927
«Самұрық-Энерго» АҚ	91.686	89.517
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ	85.227	83.558
«Samruk-Kazyna Construction» АҚ	67.436	79.921
«QAZAQ AIR» АҚ	64.725	63.963
«Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС	56.258	50.803
Басқалары	6.886	16.165
Өзге ұйымдарға берілген қарыздар	15.033	15.841
«Досжан Темір Жолы» АҚ	6.600	7.047
«Қазақстан Инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ	4.946	5.220
Басқалары	3.487	3.574
Еншілес ұйымдар шығарған облигациялар	262.349	245.127
«Қазақтелеком» АҚ	75.000	75.000
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ	46.035	45.183
«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС	32.385	44.196
«Samruk-Kazyna Construction» АҚ	11.520	–
Басқалары	97.409	80.748
Өзге ұйымдар шығарған облигациялар	113.058	107.407
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	68.793	63.431
«Baiterek Venture Fund» АҚ	40.150	40.150
Басқалары	4.115	3.826
Алынуға жататын сыйақы	18.957	17.027
Минусы: күтілетін кредиттік шығын резерві	(45.329)	(42.144)
Берілген қарыздардың жалпы сомасы, нетто	736.286	727.185
Қаржылық жалдау бойынша берешек	5.135	7.336
Қарыздар мен қаржылық жалдау бойынша берешектің жалпы сомасы	741.421	734.521
Минусы: ағымдағы бөлік	(146.406)	(167.608)
Ұзақ мерзімді бөлік	595.015	566.913

Төмендегі кестеде деңгейлер бойынша берілген қарыздардың ашылып көрсетілуі көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл		
	Жалпы баланстық құн	Күтілетін кредиттік шығын резерві	% ККШ
1-деңгей	708.053	(2.330)	0,33%
2-деңгей	30.793	(229)	0,74%
3-деңгей	42.770	(42.770)	100%
	781.616	(45.329)	5,80%
<i>Миллион теңгемен</i>	2020 жыл		
	Жалпы баланстық құн	Күтілетін кредиттік шығын резерві	% ККШ
1-деңгей	696.933	(1.096)	0,16%
2-деңгей	31.731	(388)	1,22%
3-деңгей	40.665	(40.660)	99,99%
	769.329	(42.144)	5,48%

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

7. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАЛДАУ БОЙЫНША БЕРЕШЕК (жалғасы)**Еншілес ұйымдарға берілген қарыздардағы өзгерістер***«Samruk-Kazyna Construction» АҚ (бұдан әрі – «СКС»)*

2012 жылы Қор «СКС»-мен жаңартылатын кредиттік желі шартын (99.053 миллион теңге мөлшеріндегі желі лимитімен) жасасты, осы шартқа сәйкес 2020 жылы Қор Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 маусымдағы қаулысымен бекітілген «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй құрылысы жобаларын қаржыландыру үшін 2032 жылғы 5 қыркүйекке дейін өтеу мерзімімен және 2% сыйақы мөлшерлемесімен 1.043 миллион теңге мөлшерінде «СКС»-ға қосымша транштар берді.

Кредиттік желінің талаптарына сәйкес Қордың кез келген уақытта «СКС»-дан қарыздарды немесе олардың бір бөлігін мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқығы бар, ал «СКС» Қордың талап етуі бойынша өтеуді жүргізуге міндеттенеді. Осы талапқа байланысты Қор осы кредиттік желі шеңберінде берілген барлық қарыздарды қысқа мерзімді қарыздар ретінде жіктейді.

2021 жылы «СКС» 12.485 миллион теңге сомаға қарыздарды ішінара өтеуді жүзеге асырды (2020 жылы: 30.204 миллион теңге).

2021 жылғы 31 желтоқсанға «СКС»-ға берілген барлық қарыздар бойынша негізгі борыш пен алынатын сыйақының баланстық құны 67.436 миллион теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 79.921 миллион теңге).

«QAZAQ AIR» АҚ

2017 жылғы 29 наурызда Қор және «QAZAQ AIR» АҚ қарыз шартын жасады, соған сәйкес 2021 жылы Қор қарызды 2030 жылғы 31 желтоқсанға дейін өтеу мерзімімен және 0,01% сыйақы мөлшерлемесімен 1.701 миллион теңге мөлшеріндегі жалпы сомаға қосымша транштар берді. Қарыздың мақсаты – айналым капиталын қаржыландыру, оған қоса операциялық жалдауды қамтамасыз ету және әуе кемелерін инженерлік-техникалық сүйемелдеуді қолдау, әуе сақтандыруы және ұшатын персоналды жалдау бойынша шығыстарды төлеу.

2017 жылғы 24 қазанда Қор «QAZAQ AIR» АҚ-мен қарыз шартын жасады, соған сәйкес 2021 жылы Қор 2024 жылғы 24 қазанға дейін өтеу мерзімімен және 2,5% сыйақы мөлшерлемесімен 844 миллион теңге мөлшерінде қосымша транштар берді. Қарыздың мақсаты – үш жаңа әуе кемесін сатып алу. Қаржыландыру Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қаражатының есебінен жүзеге асырылды.

2021 жылғы 31 желтоқсанға «QAZAQ AIR» АҚ-ға берілген барлық қарыздар бойынша негізгі борыш пен алынатын сыйақының баланстық құны 64.738 миллион теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 63.972 миллион теңге).

«Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС

2017 жылғы 15 желтоқсанда Қор «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС-мен 9.100 миллион теңгеден аспайтын жалпы сомаға кредит шартын жасады, соған сәйкес 2021 жылы Қор «Полимер продакшн» ЖШС-ға әрбір траншты 2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2032 жылғы 31 желтоқсанға дейін өтеу мерзімімен және 2022 жылғы 29 қыркүйек пен 2026 жылғы 1 қаңтарға дейінгі жеңілдік кезеңінің ішінде 0,1-10% белгіленген сыйақы мөлшерлемесімен қарызды одан әрі беру мақсатында 1.161 миллион теңге мөлшеріндегі жалпы сомаға қосымша транштар берді.

Бастапқы тану кезінде қарыз сыйақының тиісті нарықтық мөлшерлемелерін пайдалана отырып, 1.088 миллион теңгеге тең әділ құны бойынша танылды. Тану күніндегі қарыздың номиналды құны мен әділ құны арасындағы 73 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық еншілес ұйымдағы инвестициялардың ұлғаюы ретінде танылды (5-ескертпе).

2021 жылғы 31 желтоқсанға «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС-ға берілген барлық қарыздар бойынша негізгі борыш пен алынатын сыйақының баланстық құны 56.295 миллион теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 50.838 миллион теңге).

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**7. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАЛДАУ БОЙЫНША БЕРЕШЕК (жалғасы)****Еншілес ұйымдар шығарған облигациялардағы өзгерістер (жалғасы)**

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ (бұдан әрі – «СКС»)

2021 жылы Қор мен СКС облигацияларды сатып алу-сату шартын жасады, соған сәйкес Қор 2021 жылғы 15 наурызда қарызды 2022 жылғы 10 желтоқсанға дейін өтеу мерзімінен және 8% сыйақы мөлшерлемесімен 2 миллиард ресей рублі мөлшерінде (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 11.500 миллион теңге) облигацияларды сатып алды. Қарыздың мақсаты – инвестициялық жобаларды қаржыландыру.

2021 жылғы 31 желтоқсанға негізгі борыш пен төленуге жататын сыйақының жалпы баланстық құны 11.802 миллион теңгені құрады.

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (бұдан әрі – «АМӨЗ»)

2019 жылғы 9 қаңтарда Қор және АМӨЗ 150 миллион АҚШ доллары жалпы сомаға облигацияларды сатып алу-сату шартын жасады. Сатып алу мәмілесі теңгемен шарттың жасалу күнгі бағам бойынша жасалды және 56.223 миллион теңгені құрады. Негізгі борыштың өтелуі және сыйақының төленуі облигацияларды шығару күнгі бағамға индекстелген, өтеу күнгі бағам бойынша теңгемен жүзеге асырылады. Облигациялардың сатып алынуы өз қаражатының есебінен қаржыландырылды. Облигациялардың айналыста болу мерзімі 2024 жылғы 21 қаңтарға дейін, купондық сыйақы мөлшерлемесі жылдық 5%.

2021 жылғы 15 қаңтарда және 14 шілдеде АМӨЗ негізгі борышты өтеу кестесіне сәйкес 12.685 миллион теңге мөлшеріндегі жалпы сомаға қарызды ішінара өтеді.

2021 жылғы 31 желтоқсанға негізгі борыш пен сыйақының жалпы баланстық құны 33.123 миллион теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 45.192 миллион теңге).

8. КРЕДИТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ҚАРАЖАТ

31 желтоқсанға кредиттік мекемелердегі қаражат мыналарды қамтыды:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
10 ірі жергілікті банк	381.543	393.172
Басқа да жергілікті кредиттік мекемелер	30.588	47.576
Есептелген сыйақы	2.207	2.371
Минусы: күтілетін кредиттік шығын резерві	(5.686)	(7.425)
Кредиттік мекемелердегі қаражаттың жалпы сомасы	408.652	435.694
Минусы: ағымдағы бөлік	(23.743)	(36.473)
Ұзақ мерзімді бөлік	384.909	399.221

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
ВВВ-(Ваа3)-тен ВВ-(Ва3)-ке дейін рейтинг	67.996	104.774
В+(В1)-ден В-(В3)-ке дейін рейтинг	346.342	338.345
Минусы: күтілетін кредиттік шығын резерві	(5.686)	(7.425)
	408.652	435.694

31 желтоқсанға кредиттік мекемелердегі қаражат келесі валюталарда білдірілді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Теңгемен берілген кредиттік мекемелердегі қаражат	400.077	427.653
АҚШ долларымен берілген кредиттік мекемелердегі қаражат	8.575	8.041
	408.652	435.694

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**8. КРЕДИТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ҚАРАЖАТ (жалғасы)**

Негізінен кредиттік мекемелердегі қаражат үкімет бекіткен іс-шараларды қаржыландыру мақсатында банктерге және басқа да қаржы ұйымдарына орналастырылған қаражатты (нысаналы қарыздар), сондай-ақ уақытша бос ақша қаражатын басқару саясаты шеңберінде орналастырылған банк депозиттерін білдіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Екінші деңгейдегі банктердегі облигациялық қарыздар	330.753	320.817
Үкімет бекіткен іс-шараларды қаржыландыру мақсатында кредиттік мекемелердегі қаражат	83.585	122.218
Уақытша бос ақша қаражатын басқару саясатының шеңберінде орналастырылған банк депозиттері	–	84
Минусы: күтілетін кредиттік шығын резерві	(5.686)	(7.425)
Кредиттік мекемелердегі қаражаттың жалпы сомасы	408.652	435.694
Минусы: ағымдағы бөлік	(23.743)	(36.473)
Ұзақ мерзімді бөлік	384.909	399.221

Екінші деңгейдегі банктердегі облигациялық қарыздар

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктердегі облигациялық қарыздар бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме жылдық 0,1%-дан бастап 9% дейін болды (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 0,1%-дан 9%-ға дейін), өтеу күні 2022 жылғы желтоқсаннан бастап 2035 жылғы қарашаға дейін (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 2022 жылғы қарашадан бастап 2035 жылғы қарашаға дейін). Облигациялар доллармен және теңгемен көрсетілген.

Үкімет бекіткен іс-шараларды қаржыландыру мақсатында кредиттік мекемелердегі қаражат (нысаналы қарыздар)

2021 жылғы 31 желтоқсанға негізінен Үкімет бекіткен іс-шараларды қаржыландыру мақсатында банктерге және басқа да қаржы ұйымдарына орналастырылған қаражат мынадай қаржы ұйымдары мен банктерге теңгемен берілген қарыздар мен банк салымдары көрсетілген:

- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 19.416 миллион теңге сомаға (2020 жылы: 19.416 миллион теңге) шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыру мақсаттары үшін. Бұл қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме жылдық 5,5% құрайды.
- «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ қаржылық лизингті қорландыру құнын азайту, қазақстандық локомотивтер экспортын ынталандыру және экономиканың басым салаларындағы инвестициялық жобаларға кредит беру мөлшерлемесін азайту мақсаттары үшін тиісінше 6.005 миллион теңге, 2.896 миллион теңге және 2.081 миллион теңге мөлшерінде (2020 жылы: тиісінше 21.200 миллион теңге, 4.446 миллион теңге және 2.270 миллион теңге мөлшерінде). Осы қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелер жылдық 0,2%-дан бастап 0,6%-ға дейін құрайды.
- Екінші деңгейдегі банктерге ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыруға және студенттерге, Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында тұрғын үй объектілерін салуға кредит беруге және аралық тұрғын үй қарыздарын беруге тиісінше 51.415 миллион теңге, 1.772 миллион теңге мөлшерінде (2020 жыл: тиісінше 58.258 миллион теңге, 1.771 миллион теңге және 14.857 миллион теңге) қарыз берілген. Осы қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелер жылдық 1%-дан бастап 7,28%-ға дейін құрайды.

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қордың кредиттік мекемелерде мерзімі өткен қаражаты болмады.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**9. ӨЗГЕ ДЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ**

31 желтоқсанға басқа да қаржы активтеріне мыналар кірді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Жер учаскесінің сатылуы үшін SKC ұзақ мерзімді берешегі	2.086	–
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы инвестициялары	694	1.373
«Астана-Финанс» АҚ-ның үлестік бағалы қағаздары	–	6.516
Борыштық бағалы қағаздар	1.413	1.373
Минусы: күтілетін кредиттік шығын резерві	(719)	(6.516)
Басқа ұзақ мерзімді қаржы активтерінің жалпы сомасы	2.780	1.373

10. БАСҚА ДА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

31 желтоқсанға басқа да ұзақ мерзімді активтер мынаны қамтыды:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Беруге арналған мүлік	24.611	24.611
SAP лицензиялары	10.409	12.927
Жер учаскесі	–	4.728
Басқалары	74	294
Минусы: құнсыздану резерві	(10.079)	(10.079)
	25.015	32.481

Беруге арналған мүлік

2020 жылғы 29 желтоқсанда Акционер Қорға нарықтық құны 23.797 миллион теңгеге тең болатын темір жол учаскелері күйінде мүлкін кейіннен еншілес ұйымдарға беру үшін берді. Бұл мәміле капиталдағы өзгерістер туралы жеке есепте Акционерге операциялар ретінде танылды.

Сондай-ақ Акционер Қорға нарықтық құны 814 миллион теңге болатын темір жол көлігі күйінде мүлкін берді.

SAP лицензиялары

2019 жылы Қор 10.079 миллион теңге мөлшерінде SAP лицензиялары бойынша құнсыздану резервін мойындады. Бұл активтердің өтелетін құны лицензияға жоспарланған мұқтаждыққа сүйене отырып айқындалды.

11. БАСҚА ДА ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

31 желтоқсанға басқа да қысқа мерзімді активтерге мыналар кірді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Қаржы активтері	54.190	8.553
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары	52.265	–
Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты	18.417	18.447
Басқа да дебиторлық берешек	12.011	18.639
Минусы: күтілетін кредиттік шығын резерві	(28.503)	(28.533)
Қаржылық емес активтер	5.953	5.985
Басқалары	5.953	5.985
	60.143	14.538

Басқа да дебиторлық берешек

2020 жылғы корпоративтік шешімдерге сәйкес 7.300 миллион теңге мөлшеріндегі сома «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС-ның еншілес ұйымдарына салынған инвестициялардан дебиторлық берешекке қайта жіктелді, оның өтелуі 2021 жылғы қаңтарда жүзеге асырылды.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**11. БАСҚА ДА ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР (жалғасы)****Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ноттары**

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ноттары Қор 2021 жылғы желтоқсанда 51.947 миллион теңге мөлшерінде сатып алған ноттармен және 318 миллион теңге мөлшерінде есептелген сыйақымен білдірілген. Сыйақы мөлшерлемесі жылдық 9,7% тең.

12. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары мыналарды қамтыды:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Банктердегі ағымдағы шоттар – АҚШ доллары	67.366	67.437
Банктердегі ағымдағы шоттар – теңгемен	34.713	62.740
Банктердегі ағымдағы шоттар – басқа валюталар	45	58
Мерзімді депозиттер – АҚШ доллары	174.215	168.791
Мерзімді депозиттер – теңгемен	62.275	45.271
Кемінде үш ай өтеудің бастапқы мерзімі бар сатып алу және кері сату («кері репо») шарттары	54.498	–
Минусы: күтілетін кредиттік шығын резерві	(145)	(5)
	392.967	344.292

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мерзімді депозиттер бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме теңгемен 8,89%, АҚШ долларында 0,46% (2020 жылғы 31 желтоқсанға: теңгемен 8,52%, АҚШ долларында 0,49%); ағымдағы банк шоттары бойынша – теңгемен 0,13%, АҚШ долларында 0,27% (2020 жылғы 31 желтоқсанға: теңгемен 0,14%, АҚШ долларында 0,29%).

13. КАПИТАЛ**Акцияларды шығару**

2020 және 2021 жылдар ішінде Қор ақы төлеу мынадай түрде жүзеге асырылған жай акциялардың эмиссиясын жүргізді:

Акцияларға ақы төлеу	Шығаруға рұқсат етілген және шығарылған акциялардың саны	Бір акцияның номиналды құны, теңге	Жарғылық капитал, миллион теңгемен
2019 жылғы 31 желтоқсанға	3.481.957.769		5.229.112
Ақша қаражатымен жарналар	764	34.075.462; 422.494	26.000
Мүлік жарналары	1.875	21.848.312; 465.216	3.545
2020 жылғы 31 желтоқсанға	3.481.960.408		5.258.657
Ақша қаражатымен жарналар	1.000	9.923.089	9.923
2021 жылғы 31 желтоқсанға	3.481.961.408		5.268.580

2021 жылғы 31 желтоқсанға Қордың 3.481.961.408 акциясы толығымен төленді (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 3.481.960.408 акция).

Ақша қаражатының жарналары

2021 жылғы тамызда Акционер 9.923 миллион теңге мөлшеріндегі ақша қаражатымен Қордың жарғылық капиталына жарналарды жүзеге асырды (2020 жылы: 26.000 миллион теңге). Бұл қаражат Қордың еншілес ұйымы «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС жүзеге асыратын жобаларды қаржыландыруға арналған (5-ескертіме).

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**13. КАПИТАЛ (жалғасы)****Акцияларды шығару (жалғасы)***Мүлік жарналары*

2020 жылғы 23 маусымда «ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ Қордың жарғылық капиталына мүліктік салым күйінде 2.731 миллион теңге мөлшерінде жарна жасады. Бұл мүлік «Самұрық-Энерго» АҚ-ның жарғылық капиталына берілді.

2020 жылғы 29 желтоқсанда Акционер Қорға нарықтық құны 814 миллион теңге болатын темір жол көлігі күйінде мүлкін берді (10-ескертпе).

Акционерге басқа да бөлу

2021 жылы Акционердің өкіміне сәйкес Қор 65.497 миллион теңге жалпы сомаға түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелерді (16-ескертпе) капиталдағы өзгерістер туралы жеке есепте Акционерге басқа да бөлу ретінде мойындады (2020 жыл: 92.080 миллион теңге).

Үкіметтен қарыздар бойынша дисконт

2021 жылы Қор Ұлттық банк алдында 558 миллион теңге (2020 жыл: 88.804 миллион теңге) сомаға облигациялар бойынша міндеттемелерді ішінара мерзімінен бұрын өтеді, осыған орай 278 миллион теңге мөлшерінде (2020 жыл: 37.581 миллион теңге) Үкіметтен алынған қарыздар бойынша дисконт амортизациясын капиталдағы өзгерістер туралы жеке есепте мойындады (15-ескертпе).

Активтерді Акционерге беру

2021 жылғы 14 сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 17 наурыздағы Қаулысының негізінде Қор құны 161 миллион теңге болатын «ҚОРЭМ» АҚ акцияларын «ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ-ға берді (5-ескертпе). Бұл операция капиталдағы өзгерістер туралы жеке есепте активтердің Акционерге берілуі ретінде көрсетілді.

Дивидендтер

2021 жылғы 30 қарашада Қор Үкіметтің 2021 жылғы 22 қарашадағы қаулысына сәйкес Акционерге 2020 жылдың қорытындылары бойынша 88.337 миллион теңге мөлшерінде дивидендтер төледі.

2020 жылғы 26 тамызда Қор Үкіметтің 2020 жылғы 21 тамыздағы қаулысына сәйкес Акционерге 2019 жылдың қорытындылары бойынша 120.000 миллион теңге мөлшерінде дивидендтер төледі.

Акциялардың баланстық құны

ҚҚБ Биржа кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес қаржылық есептілікте ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есептік күнгі бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректер болуға тиіс.

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Активтердің жиыны	7.636.045	7.470.291
Материалдық емес активтер	(830)	(850)
Міндеттемелер жиыны	(1.787.392)	(1.693.617)
Жай акциялар үшін таза активтер	5.847.823	5.775.824
31 желтоқсандағы жай акциялардың саны	3.481.961.408	3.481.960.408
Бір жай акцияның баланстық құны, теңге	1.679	1.659

Акцияға пайда

<i>Теңгемен</i>	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Акцияға базалық және көбейту пайдасына жай акциялардың орташа өлшенген саны	3.481.960.762	3.481.958.361
Кезеңге акцияға таза пайданың негізгі және көбейтілген үлесі	62,13	70,10

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**14. ҚАРЫЗДАР**

31 желтоқсанға қарыздар, оның ішінде төленетін сыйақы мыналарды қамтыды:

<i>Миллион теңгемен</i>	Шығару сомасы	Өтеу күні	Сыйақы мөлшерлемесі	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Алынған қарыздар				630.029	745.353
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	492 миллиард теңге	2022	пайызсыз	453.328	380.436
Банк «ВТБ» ПАО	10,4 миллиард рубль	2023	Ресей Федерациясының Орталық Банкінің негізгі мөлшерлемесі + 1,75%	61.119	59.166
«Тау-кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ	18,4 миллиард теңге	2022	Пайызсыз	18.442	18.442
«Банк ВТБ» (Қазақстан) АҚ	3 миллиард рубль	2023	Ресей Федерациясының Орталық Банкінің негізгі мөлшерлемесі + 1,75%	17.674	17.114
«First Heartland Jusan Bank» АҚ	40 миллион АҚШ доллары	2024	3М Libor + 1,39%	17.320	–
«Халық Банкі» АҚ	40 миллион АҚШ доллары	2024	3М Libor + 1,3%	17.316	–
«First Heartland Jusan Bank» АҚ (бұрынғы – «АТФ Банк» АҚ)	20,5 миллиард теңге	2032	6,50%	16.179	17.637
«Банк ВТБ» (Қазақстан) АҚ	25 миллион АҚШ доллары	2026	2,25%	10.807	–
«Сбербанк» АҚ	4 миллиард рубль	2024	Ресей Федерациясының Орталық Банкінің негізгі мөлшерлемесі + 1,8%	9.185	–
«Сбербанк» АҚ	20 миллион АҚШ доллары	2024	3М Libor + 1,39%	8.659	–
Токуо-Mitshubishi UFJ, LTD Банкі	600 миллион АҚШ доллары	2022	3М Libor + 1,4%	–	252.558
Облигациялар				468.985	254.313
Bonds LSE 2021	500 миллион АҚШ доллары	2026	2%	213.291	–
Bonds KASE 2020	129 миллиард теңге	2023	10,9%	130.295	130.295
Bonds KASE 2018	40,5 миллиард теңге	2024	9,25%	41.468	41.468
Bonds KASE 2018	34,5 миллиард теңге	2024	9,25%	35.324	35.324
Bonds KASE 2017	25 миллиард теңге	2027	10,5%	26.050	26.080
Bond KMG 2017	111 миллиард теңге	2044	0,5%	18.438	17.317
Bond DBK 2009	114,9 миллиард теңге	2059	0,01%	4.119	3.829
Қарыздардың жалпы сомасы				1.099.014	999.666
12 ай ішінде өтеуге жататын сома шегерілген				(480.350)	(151.789)
12 айдан кейін өтеуге жататын сомалар				618.664	847.877

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**14. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)**

Қарыздар келесі валюталарда көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Теңгемен көрсетілген қарыздар	743.644	670.828
АҚШ долларында көрсетілген қарыздар	267.393	252.430
Ресей рублімен көрсетілген қарыздар	87.977	76.408
	1.099.014	999.666

Қарыздардағы өзгерістер былайша көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл*	2020 жыл*
1 қаңтарға арналған сальдо	999.666	887.396
Ақша қаражатымен алынды	370.704	405.435
Есептелген сыйақы	36.666	35.919
Дисконт (22-ескертіле)	(6.795)	(11.617)
Төленген пайыздар	(34.751)	(37.650)
Негізгі борышты төлеу	(312.303)	(334.840)
Дисконт амортизациясы	37.782	29.982
Валютаны қайта есептеу	8.685	24.902
Басқасы	(640)	139
31 желтоқсанға сальдо	1.099.014	999.666

* Қордың кейбір қарыздары бойынша ақша түсімдері мен төлемдері операциялық қызметтен болған ақша ағындарына қосылған, өйткені бұл қарыздар активтерді басқару шеңберінде Қордың негізгі қызметінің бір бөлігі болып табылады.

Алынған қарыздар

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-дан (бұдан әрі – «ҚМГ ҰК») пайызсыз қарыз

2015 жылғы Қор мен ҚМГ ҰК пайызсыз қарыз шартын жасады, соған сәйкес 2015-2020 жылдары Қор 449.822 миллион теңге жалпы сомаға қарыздар алды. Қарыз Қордың «KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК жарғылық капиталын ұлғайту бойынша міндеттемелерін қаржыландыру және Қор «KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК акцияларын сатып алу үшін тартқан қарыз шарттары бойынша Қордың шығыстарын өтеу мақсатында алынды.

2021 жылы Қор ҚМГ ҰК-дан 43.151 миллион теңге мөлшерінде қосымша транштар алды, әрі олар Қордың купондық облигациялар бойынша міндеттемелерін өтеуге бағытталды. 5.222 миллион теңге мөлшерінде транштардың берілу күнгі қарыздың номиналды құны мен әділ құны арасындағы айырма жиынтық кіріс туралы жеке есепте қаржылық кіріс ретінде танылды.

Қарызды қайтару және Шарттың қолданылу мерзімін ұзартуға KMG Kashagan B.V. акциялары Қордан кері сатып алынған сәттен жол беріледі. Қарыз қамтамасыз етудің, комиссиясыз, нөлдiк сыйақы мөлшерлемесімен берiлдi.

Банк «ВТБ» ЖАҚ-тан қарыз

2020 жылғы 1 қазанда Қор мен Банк «ВТБ» ЖАҚ банктік қарыз шартын жасады, соған сәйкес қарыз 10.400 миллион ресей рублі жалпы сомаға (мәміле күнгі бағам бойынша баламасы 56.992 миллион теңге) жасалды. Қарыз 2023 жылғы 1 қарызға дейін және Ресей Федерациясының Орталық банкінің шешуші мөлшерлемесіне тең болатын сыйақы мөлшерлемесімен және жылдық 1,75% мөлшерінде пайыздық спрэдтің тіркелген мөлшерлемесімен берiлдi.

«Тау-кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ-дан қарыз

2020 жылғы шiлдеде Қор «Тау-кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ-дан 2020 жылғы 31 желтоқсанда өтеу мерзімімен айналым капиталын толықтыру үшін 18.442 миллион теңге мөлшерінде пайызсыз қаржылық көмек алды. 2021 жылғы қаңтарда Қор «Тау-кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ-мен өтеу мерзімін 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзарту туралы қосымша келісімді жасады және 2021 жылдың ішінде қарыздың барлық сомасын төледі.

2021 жылғы 24 желтоқсанда Қор 2022 жылғы 31 желтоқсанда өтеу мерзімімен айналым капиталын толықтыру үшін 18.442 миллион теңге мөлшерінде пайызсыз қаржылық көмек алды.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

14. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)**Алынған қарыздар (жалғасы)***«Банк ВТБ» (Қазақстан) АҚ-дан қарыз*

2020 жылғы 1 қазанда Қор мен «Банк ВТБ» (Қазақстан) АҚ банктік қарыз шартын жасады, соған сәйкес қарыз 3 миллиард ресей рублі жалпы сомаға (мәміле күнгі бағам бойынша баламасы 16.650 миллион теңге) жасалды. Қарыз 2023 жылғы 1 қарызға дейін және Ресей Федерациясының Орталық банкінің шешуші мөлшерлемесіне тең болатын сыйақы мөлшерлемесімен және жылдық 1,75% мөлшерінде пайыздық спрэдтің тіркелген мөлшерлемесімен берілді.

2021 жылғы 14 желтоқсанда Қор мен «Банк ВТБ» (Қазақстан) АҚ банктік қарыз шартын жасады, соған сәйкес қарыз 25 миллион АҚШ доллары жалпы сомаға (мәміле күнгі бағам бойынша баламасы 10.871 миллион теңге) алынды. Қарыз 2026 жылғы 14 желтоқсанға дейінгі мерзімге және жылдық 2,25% сыйақы мөлшерлемесімен берілді.

«First Heartland Jusan Bank» АҚ-дан қарыз

2021 жылғы 27 сәуірде Қор мен «First Heartland Jusan Bank» АҚ банктік қарыз шартын жасады, соған сәйкес қарыз 40 миллион АҚШ доллары жалпы сомаға (мәміле күнгі бағам бойынша баламасы 17.177 миллион теңге) алынды. Қарыз 2024 жылғы 27 сәуірге дейін және 3М Libor + тең болатын сыйақы мөлшерлемесімен және жылдық 1,39% мөлшерінде пайыздық спрэдтің тіркелген мөлшерлемесімен берілді. Мақсаты – Синдикатталған қарыздың ішінара жоспарлы өтелуін қайта қаржыландыру.

«Халық Банкі» АҚ-дан қарыз

2021 жылғы 26 сәуірде Қор мен «Халық Банкі» АҚ банктік қарыз шартын жасады, соған сәйкес қарыз 40 миллион АҚШ доллары жалпы сомаға (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 17.177 миллион теңге) алынды. Қарыз 2024 жылғы 26 сәуірге дейін және 3М Libor + тең болатын сыйақы мөлшерлемесімен және жылдық 1,3% мөлшерінде пайыздық спрэдтің тіркелген мөлшерлемесімен берілді. Мақсаты – Синдикатталған қарыздың ішінара жоспарлы өтелуін қайта қаржыландыру.

«First Heartland Jusan Bank» АҚ-дан қарыз

2018 жылғы 19 шілдеде Қор және «First Heartland Jusan Bank» АҚ өз мақсаттарында пайдалану үшін «Жасыл квартал» офистік ғимаратты сатып алу мақсатында кредит желісін ашу туралы келісімді жасады, соған сәйкес 20.580 миллион теңге жалпы сомаға қарыз алынды. Қарыз 2032 жылдың 1 желтоқсанына дейінгі мерзімге және жылдық 6,5% сыйақы мөлшерлемесімен берілді, төлемдердің бекітілген кестесіне сәйкес негізгі борыш пен сыйақы тоқсанына бір рет төленеді.

«Сбербанк» АҚ-дан қарыз

2021 жылғы 28 қаңтарда Қор мен «Сбербанк» АҚ банктік қарыз шартын жасады, соған сәйкес қарыз 4 миллиард ресей рублі жалпы сомаға (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 22.620 миллион теңге) екі траншпен алынды. Қарыз 2024 жылғы 26 қаңтарға дейін және Ресей Федерациясының Орталық банкінің шешуші мөлшерлемесіне тең болатын сыйақы мөлшерлемесімен және жылдық 1,8% мөлшерінде пайыздық спрэдтің тіркелген мөлшерлемесімен берілді. Мақсаты – Қордың айналым қаражатын толықтыру.

2021 жылғы 6 желтоқсанда Қор 2,4 миллиард ресей рублі мөлшерінде (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 14.293 миллион теңге) негізгі борышты ішінара мерзімінен бұрын өтеді.

2021 жылғы 26 сәуірде Қор мен «Сбербанк» АҚ банктік қарыз шартын жасады, соған сәйкес қарыз 20 миллион АҚШ доллары жалпы сомаға (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 8.588 миллион теңге) алынды. Қарыз 2024 жылғы 26 сәуірге дейін және 3М Libor + тең болатын сыйақы мөлшерлемесімен және жылдық 1,39% мөлшерінде пайыздық спрэдтің тіркелген мөлшерлемесімен берілді. Мақсаты – Синдикатталған қарыздың ішінара жоспарлы өтелуін қайта қаржыландыру.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

14. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)**Алынған қарыздар (жалғасы)***«Қытайдың Сауда-өнеркәсіптік Банкі» АҚ-дан қарыз*

2021 жылғы 5 мамырда Қор мен «Қытайдың Сауда-өнеркәсіптік Банкі» АҚ банктік қарыз шартын жасады, соған сәйкес қарыз 25 миллион АҚШ доллары жалпы сомаға (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 10.671 миллион теңге) алынды. Қарыз 2024 жылғы 4 мамырға дейін және 3М Libor + тең болатын сыйақы мөлшерлемесімен және жылдық 1,3% мөлшерінде пайыздық спрэдтің тіркелген мөлшерлемесімен берілді. Мақсаты – Синдикатталған қарыздың ішінара жоспарлы өтелуін қайта қаржыландыру.

2021 жылғы 29 қазанда Қор 25 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 10.678 миллион теңге) негізгі борышты толық мерзімінен бұрын өтеді.

«Қазақстандағы Қытай Банкі» ЕБ» АҚ-дан қарыз

2021 жылғы 26 сәуірде Қор мен «Қазақстандағы Қытай Банкі» ЕБ» АҚ банктік қарыз шартын жасады, соған сәйкес қарыз 25 миллион АҚШ доллары жалпы сомаға (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 10.736 миллион теңге) алынды. Қарыз 2024 жылғы 26 сәуірге дейін және 3М Libor + тең болатын сыйақы мөлшерлемесімен және жылдық 1,41% мөлшерінде пайыздық спрэдтің тіркелген мөлшерлемесімен берілді. Мақсаты – Синдикатталған қарыздың ішінара жоспарлы өтелуін қайта қаржыландыру.

2021 жылғы 29 қазанда Қор 25 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 10.678 миллион теңге) негізгі борышты толық мерзімінен бұрын өтеді.

Tokyo-Mitshubishi UFJ, LTD Банкінің қарызы

2018 жылғы 28 маусымда Қор Bank of Tokyo Mitsubishi UFJ, «Mizuho Bank», Ltd, «Sumitomo Mitsui Banking Corporation», «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ, «Алматы қаласындағы Қытайдың Сауда-өнеркәсіптік банкі» АҚ мен «Citibank, N.A., Jersey Branch» – халықаралық және қазақстандық банктердің синдикатымен және Tokyo-Mitshubishi UFJ, LTD Банкімен 600 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (мәмілені жасау күнгі бағам бойынша баламасы 204.786 миллион теңге) қарыз келісімін жасады. Қарыз 1,4% + 3М Libor жылдық мөлшерлемесімен 2021 жылғы 30 сәуірге дейінгі жеңілдікті кезеңмен 2022 жылғы 30 қазанға дейінгі мерзімге берілді.

2021 жылғы сәуірде Қор қарызды өтеу кестесіне сай 150 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 64.360 миллион теңге мөлшерінде) негізгі борышты өтеді.

2021 жылғы 28 қазанда Қор 450 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 192.407 миллион теңге мөлшерінде) негізгі борышты мерзімінен бұрын толық өтеді.

Облигациялар

2021 жылғы қазанда Қор жылдық 2,0% купон мөлшерлемесімен және 2026 жылы өтеу мерзімімен Лондонның қор биржасында 500 миллион АҚШ доллары (ақы төлеу күніне бағам бойынша баламасы 211.271 миллион теңге) сомасына еурооблигацияларды орналастырды. Мақсаты – Tokyo-Mitshubishi UFJ, LTD Банкінен Синдикатталған қарызды мерзімінен бұрын толық өтелуін қайта қаржыландыру.

Ковенанттар

Қор кредит келісімдерінің талаптары бойынша қаржы және қаржылық емес көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай Қор барлық қаржы және қаржылық емес көрсеткіштерді орындайды.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**15. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАРЫЗДАРЫ**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздарына мыналар жатады:

<i>Миллион теңгемен</i>	Өтеу күні	Сыйақы мөлшерлемесі	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Ұлттық қордың активтері есебінен				
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сатып алған облигациялар	2035-2063	0,01-3%	558.982	541.753
Үкіметтен алынған басқа да қарыздар	2022-2046	0,15-0,4%	20.387	51.468
Қазақстан Республикасы Үкіметі қарыздарының жалпы сомасы			579.369	593.221
Минусы: ағымдағы бөлік			(10.264)	(30.773)
Ұзақ мерзімді бөлік			569.105	562.448

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздарындағы өзгерістер былайша көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл*	2020 жыл*
1 қаңтарға арналған сальдо	593.221	627.561
Есептелген сыйақы	17.445	19.050
Дисконт	278	37.581
Төленген пайыздар	(17.530)	(19.959)
Негізгі борышты төлеу	(34.454)	(89.747)
Дисконт амортизациясы	20.409	18.735
31 желтоқсанға сальдо	579.369	593.221

* Қордың кейбір қарыздары бойынша ақша түсімдері мен төлемдері операциялық қызметтен болған ақша ағындарына қосылған, өйткені бұл қарыздар активтерді басқару шеңберінде Қордың негізгі қызметінің бір бөлігі болып табылады.

Ұлттық қордың активтері есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сатып алған облигациялар

ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 4 маусымдағы № 323 қаулысымен бекітілген Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтерін бәсекелес ортаға беруден ҚР Ұлттық қорына түсетін түсімдердің қағидаларына сәйкес мемлекеттік активтерді сатудан түскен қаражат Қордың Ұлттық қор алдындағы міндеттемелерін өтеуге жұмсалуды мүмкін.

Осыған орай 2021 жылы Қор қабылдаған корпоративтік шешімдерге сәйкес Қордың Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі сатып алған облигацияларының он бірінші шығарылымының шеңберінде 558 миллион теңге сомаға номиналды құны бойынша облигацияларды ішінара мерзімінен бұрын өтеді. Осыған орай Қор Үкіметтен 278 миллион теңге мөлшерінде алынған қарыздар бойынша дисконттың амортизациясын капиталдағы өзгерістер туралы жеке есепте мойындады (13-ескертілме).

16. БАСҚА ДА ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелерге мыналар жатады:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелер	52.755	54.027
<i>Нұр-Сұлтан қаласында 200 орынды Ұлттық шұғыл медицина үйлестіру орталығын және Алматы қаласында 350 орынды Ұлттық инфекциялық аурулар ғылыми орталығын салу</i>	26.255	50.004
<i>Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстанның гимнастика федерациясының орталығын салу</i>	18.000	–
<i>Нұр-Сұлтан қаласында отбасылық демалыс паркін салу</i>	8.500	–
<i>Назарбаев Университеті</i>	–	3.973
<i>Өзге де әлеуметтік жобалар</i>	–	50
Басқа да міндеттемелер	2.666	3.276
Басқа да ағымдағы міндеттемелердің жалпы сомасы	55.421	57.303

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**16. БАСҚА ДА ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелер**

2021 жылы Акционер өкімінің негізінде Қор 65.497 миллион теңге жалпы сомаға (2020 жылы: 92.080 миллион теңге) түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелерді мойындады (13-ескерпне).

2021 жылдың ішінде нақты аударылған қаражат 67.097 миллион теңге (2020 жыл: 50.844 миллион теңге) болды.

17. ҚАРЖЫЛЫҚ КЕПІЛДІКТЕР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

31 желтоқсанға қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелерге мыналар кірді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
1 қаңтарға	43.427	31.214
Жыл ішінде берілген кепілдіктер	17.103	21.727
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер амортизациясы	(6.942)	(9.514)
31 желтоқсанға	53.588	43.427
Минусы: ағымдағы бөлік	(5.195)	(5.243)
Ұзақ мерзімді бөлік	48.393	38.184

Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер өз еншілес ұйымдары мен бірлескен кәсіпорынның қызметін және қолданыстағы келісімшарттарын қаржыландыру үшін қаржылық мекемелер берген кепілдіктер бойынша Қордың міндеттемелерін білдіреді (5 және 6-ескерпнелер). Кепілдік шарттарының негізгі бөлігі Қорға өтемақының болмауы талабында жасалған. 2021 жылғы 31 желтоқсанда берешектің жалпы кепілдікті сомасы 1.884 миллион АҚШ долларын және 155.873 миллион теңгені (2020 жылғы 31 желтоқсан: тиісінше 1.374 миллион АҚШ доллары, 154.479 миллион теңге) құрайды.

18. ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕР

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін пайыздық кірістерге мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл	2020 жыл
Облигациялар бойынша сыйақы	39.070	31.538
Берілген қарыздар бойынша дисконт амортизациясы	33.099	36.448
Берілген қарыздар бойынша сыйақы	11.870	13.052
	84.039	81.038

19. ПАЙЫЗДЫҚ ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін пайыздық шығыстарға мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл	2020 жыл
Шығарылған облигациялар мен алынған қарыздар бойынша сыйақы	41.628	46.755
Қаржылық міндеттемелер бойынша дисконт амортизациясы	21.656	20.265
Бастапқы мойындау кезінде қаржы активтерін дисконттаудан болған шығын	441	53.389
	63.725	120.409

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**20. ДИВИДЕНДТЕРДЕН ТҮСКЕН КІРІС**

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл	2020 жыл
«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ	112.561	80.466
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	45.212	73.911
«Тау-кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ	45.537	30.254
«Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ («КЕГОК»)	37.377	29.472
«Қазақтелеком» АҚ	9.642	4.335
«Самұрық-Энерго» АҚ	3.242	3.066
«Samruk-Kazyna Construction» АҚ	1.020	–
Басқа да еншілес ұйымдар	297	273
	254.888	221.777

2021 жылы Қор 253.502 миллион теңге мөлшеріндегі ақша қаражаты күйінде дивидендтер алды (2020 жылы: 221.777 миллион теңге).

21. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылғы жалпы және әкімшілік шығыстар мыналарды қамтыды:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл	2020 жыл
Демеушілік көмек және қайырымдылық	7.137	7.398
Жалақы бойынша шығыстар	3.354	3.236
Бөгде ұйымдардың қызметтері	2.423	2.556
Тозу және амортизация	2.147	2.208
Салықтар	1.150	1.672
Жөндеу және қызмет көрсету	862	850
Кеңес беру (аудиторлық) және ақпараттық шығыстар	173	1.199
Есепке алынбаған ҚҚС	693	851
Басқасы	6.480	4.570
	24.419	24.540

Демеушілік көмек және қайырымдылық

Қор жыл сайын өзінің Қайырымдылық бағдарламасына сәйкес қайырымдылыққа нысаналы трансферттерді бөліп отырады. Қайырымдылыққа арналған нысаналы трансферте «Самұрық-Қазына Trust» Корпоративтік қоры – бірегей Оператор арқылы іске асырылатын бірқатар жобаны қаржыландыру үшін берілді.

Басқасы

Басқа да шығыстарға басқа да әкімшілік шығыстар жатады, оның ішінде жалпы сомасы 340 миллион теңге (2020 жылы: 309 миллион теңге) жалпы сомада басқару органының – Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақылары бойынша шығыстар, және 185 миллион теңге (2020 жылы: 1.041 миллион теңге) жалпы сомада ведомстволық бағынысты ұйымдардың операциялық қызметін қамтамасыз ету үшін қаражат және Қордың операциялық қызметін қамтамасыз ету үшін өзге де әкімшілік шығыстар жатады.

22. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін қаржылық кірістерге мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл	2020 жыл
Банк депозиттері бойынша сыйақы	8.775	11.820
Қаржылық кепілдіктер бойынша кірістер	7.002	9.583
Алынған қарыздар бойынша дисконт	6.795	11.617
«Кері репо» операциялары және ҚР Ұлттық банктің ноттары бойынша кірістер	4.764	1.358
Қаржы активтері бойынша дисконт амортизациясы	324	547
Ағымдағы банк шоттары бойынша сыйақы	175	1.308
Басқасы	317	305
	28.152	36.538

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**23. ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫСТАР**

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін қаржылық шығыстарға мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл	2020 жыл
Алынған қарыздар бойынша дисконт амортизациясы	36.536	28.450
Қарыздар мен облигациялардың сыйақылары бойынша шығыстар	12.483	8.214
Басқасы	501	1.190
	49.520	37.854

24. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдарға табыс салығы бойынша шығыстар мынаны қамтиды:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл	2020 жыл
Төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	2.941	3.724
	2.941	3.724

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қорға 20% қолданыстағы ресми мөлшерлеме (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 20%) бойынша корпоративтік табыс салығы салынады.

Бухгалтерлік пайдадан бастап табыс салығы бойынша шығыстарға табыс салығының нормативтік мөлшерлемесі бойынша табыс салығын есептегенге дейін есептелген табыс салығы бойынша шығыстарды салыстыру былайша көрсетіліп отыр:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл	2020 жыл
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда	219.270	247.796
Табыс салығының ресми мөлшерлемесі	20%	20%
Табыс салығы бойынша теориялық шығыстар	43.854	49.559
Кейінге қалдырылған салық бойынша мойындалмаған салық активтеріндегі өзгеріс	6.430	17.515
Демеушілік көмек пен қайырымдылық шығыстары	1.427	1.480
Берілген қарыздар мен кредиттік мекемелердегі қаражаттың құнсыздану резервтері	255	236
Дивидендтерден түскен кіріс	(50.978)	(44.355)
Еншілес ұйымдағы үлестің шығуынан түскен кіріс	-	(15.179)
Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелері бойынша дисконт	(47)	(1.800)
Қаржылық кепілдіктер бойынша кірістер	(1.388)	(1.737)
Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардың құнсыздануы	2.440	-
Басқа да салық салынбайтын айырмалар	948	(1.995)
Жиынтық кіріс туралы жеке есепте көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	2.941	3.724

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**24. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)**

Активтер мен міндеттемелерді есептеу үшін салық негізімен жеке қаржылық есептілікте көрсетілген сома арасындағы уақытша айырмаларға есептік күні қолданылған заңмен белгіленген салық мөлшерлемесін қолдану арқылы есептелген кейінге қалдырылған салық сальдосы мыналарды қамтиды:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жылғы 31 желтоқсанға	Пайдаға және шығынға жатқызылғаны	2020 жылғы 31 желтоқсанға	Пайдаға және шығынға жатқызылғаны	2019 жылғы 31 желтоқсанға
Кейінге қалдырылған салық активтері					
Сыйақы күйіндегі кірістен төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығы сомасының есептелген корпоративтік табыс салығының сомасынан асуы	60.261	2.941	57.320	3.724	53.596
Кредиттік мекемелердегі қаражат	21.164	(2.251)	23.415	9.642	13.773
Берілген қарыздар	401	(211)	612	542	70
Басқа да міндеттемелер	656	(154)	810	(178)	988
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша танылмаған активтер	(55.564)	(6.430)	(49.134)	(17.515)	(31.619)
Кейінге қалдырылған салық активтері	26.918	(6.105)	33.023	(3.785)	36.808
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері					
Қарыздар	(26.553)	6.224	(32.777)	3.519	(36.296)
Негізгі құралдар	(198)	(198)	–	–	–
Басқа да дебиторлық берешек	(167)	79	(246)	266	(512)
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	(26.918)	6.105	(33.023)	3.785	(36.808)
Кейінге қалдырылған салық активтері/(міндеттемелер)	–	–	–	–	–

Кейінге қалдырылған салық активтері/міндеттемелер болашақта соған қатысты актив пайдаланылуы мүмкін салық салынатын пайданың болу ықтималдығы бар дәрежеде ғана танылады. Кейінге қалдырылған салық активтері/міндеттемелері олармен байланысты салық жеңілдіктері жүзеге асырылатындығының ықтималдылығы жоқ дәрежеде азаяды.

Еншілес және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар, ең бастысы, дивидендтер арқылы өтеледі. Еншілес және бірлескен кәсіпорындардың дивидендтері салық салудан босатылған, сондықтан Қор бұл инвестициялардың бөлінбеген пайдасына кейінге қалдырылған салықты мойындамады.

25. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР

Байланысты тараптар Қор тобының компанияларын және Үкімет бақылайтын өзге де компанияларды, Қордың негізгі басқарушы персоналын, өзге де байланысты тараптарды қамтиды. Байланысты тараптармен жасалған мәмілелер тараптар арасында келісілген, байланысты және кейбір реттелетін қызметтерді есепке алмағанда үшінші тарапқа қолданылатын тарифтермен берілетін, нарық мөлшерлемесі бойынша жүзеге асырылмаған жағдайларда жүзеге асырылған.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**25. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР (жалғасы)**

Мына кестелерде 2021 және 2020 жылдар ішінде байланысты тараптармен жасалған мәмілелердің жалпы сомалары және 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы тиісті сальдо келтірілген:

		Байланысты тараптардың берешегі	Байланысты тараптар алдындағы берешек	Байланысты тараптарда орналастырылған ақша қаражаты, депозиттер мен ақша баламалары
<i>Миллион теңгемен</i>				
Еншілес ұйымдар	2021 жылғы 31 желтоқсан	617.809	520.818	–
	2020 жылғы 31 желтоқсан	619.532	447.067	–
Қауымдасқан компаниялар және еншілес ұйымдардың бірлескен кәсіпорындары	2021 жылғы 31 желтоқсан	5.320	–	–
	2020 жылғы 31 желтоқсан	5.767	–	–
Мемлекет бақылайтын басқа да кәсіпорындар	2021 жылғы 31 желтоқсан	148.156	652.199	34.660
	2020 жылғы 31 желтоқсан	174.816	667.216	62.709

		Дивидендтерден түскен кіріс	Байланысты тараптардан сатып алу	Байланысты тараптарға сатудан түскен кіріс
<i>Миллион теңгемен</i>				
Еншілес ұйымдар	2021 жыл	254.888	4.414	563
	2020 жыл	221.777	3.287	288

		Байланысты тараптарға есептелген сыйақы	Байланысты тараптарға есептелген сыйақы	Байланысты тараптарға есептелген қаржылық кірістер	Байланысты тараптарға есептелген қаржылық шығыстар
<i>Миллион теңгемен</i>					
Еншілес ұйымдар	2021 жыл	42.895	5.118	5.823	36.536
	2020 жыл	50.347	5.557	11.617	28.450
Қауымдасқан компаниялар және еншілес ұйымдардың бірлескен кәсіпорындары	2021 жыл	491	–	–	–
	2020 жыл	552	–	–	–
Мемлекет бақылайтын басқа да кәсіпорындар	2021 жыл	8.772	44.787	198	–
	2020 жыл	8.877	39.452	2.703	–

2021 және 2020 жылдар ішінде байланысты тараптармен жасалған мәмілелердің болмысы жеке қаржылық есептілікке тиісті ескертпелерде көрсетілген.

Қоса беріліп отырған жиынтық кіріс туралы жеке есептегі жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылған негізгі басқарушы персоналға төленген жалпы сыйақы сомасы тиісінше 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 615 миллион теңгені (2020 жылы: 575 миллион теңге) құрады. Көрсетілген сомалар 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы жалпы сомасы 340 миллион теңге (2020 жылы: 309 миллион теңге) болған басқару органы – Директорлар кеңесі мүшелерінің тәуелсіз директорлардың сыйақысын қамтиды. Атқарушы органның мүшелеріне төленген сыйақы салықтар мен зейнетақы аударымдарын және бір жылдағы жұмыс нәтижелері бойынша өзге де төлемдерді ескере отырып, жалақы бойынша шығыстардан тұрады.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**26. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ**

Қордың негізгі қаржылық міндеттемелерінің құрамына кредиттік мекемелерден және Үкіметтен алынған қарыздар, шығарылған облигациялар, қаржы кепілдіктері және өзге де кредиторлық берешек кіреді. Көрсетілген қаржы құралдары, ең бастысы, Қордың операцияларына қаржыландыру тарту үшін пайдаланылады. Қордың қаржылық активтерінің құрамына еншілес ұйымдар мен кредиттік мекемелер берген қарыздар, банктік депозиттер, өзге де қаржылық активтер, өзге де дебиторлық берешек, сатып алынған облигациялар мен мемлекеттік бағалы қағаздар, оның тікелей операциялық қызметі нәтижесінде пайда болатын ақша және оның баламалары кіреді.

Қор нарық тәуекеліне, пайыздық мөлшерлемелерге байланысты тәуекелге, кредит тәуекеліне, валюта тәуекеліне және өтімділік тәуекеліне ұшырауы мүмкін.

Пайыздық мөлшерлемелермен байланысты тәуекел

Сыйақы мөлшерлемелерімен байланысты тәуекел нарықтағы сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі нәтижесінде қаржы құралы құнының құбылу тәуекелін білдіреді.

Қордың сыйақы мөлшерлемелеріне байланысты тәуекелге ұшырауы негізінен құбылмалы пайыз мөлшерлемесімен Қор алған қарызға жатқызылады (*14-ескертпе*).

Мына кестеде Қордың салық салынғанға дейінгі пайдасының пайыздық мөлшерлемелердегі ықтимал өзгерістерге сезімталдығы берілген, бұл ретте барлық басқа параметрлер тұрақты шамалармен алынды. Қор капиталына әсер етуі жоқ.

<i>Миллион теңгемен</i>	Базистік тармақтардағы ұлғаю/азаю	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері
2021 жыл		
АҚШ доллары	+1,25	(3.343)
	-0,25	669
Ресей рублі	+1,25	(1.079)
	-0,25	216
2020 жыл		
АҚШ доллары	+1	(2.525)
	-0,25	631
Ресей рублі	+1	(753)
	-0,25	188

Кредиттік тәуекел

Қордың қаржы құралдарымен болған шарттардың талаптарын контрагенттердің орындамауы нәтижесінде пайда болған кредиттік тәуекел, әдетте, контрагенттер міндеттемелерінің шамасы осы контрагенттердің алдындағы Қордың міндеттемелерінен асып кеткен жағдайлар болған кезде, сомалармен шектеледі.

Қордың саясаты кредитке қабілетті контрагенттердің бірқатарымен қаржы құралдарымен операциялар жасауды көздейді. Кредиттік тәуекелге бейімділіктің ең жоғарғы шамасы әрбір қаржы активінің баланс құнына тең. Қор өзінің ең жоғары тәуекел шамасы есепті күні көрсетілген құнсыздануға арналған резервтерді шегере отырып берілген қарыздардың (*7-ескертпе*), кредиттік мекемелердегі қаражаттардың (*8-ескертпе*), басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтерінің (*9-ескертпе*), басқа да активтердің (*10, 11-ескертпелер*) сомасында және ақша қаражаты мен оның баламаларында (*12-ескертпе*) көрсетіледі деп санайды. Шығарылған қаржылық кепілдік үшін кредиттік тәуекелдің ең жоғары деңгейі осы Ескертпенің «Өтімділік тәуекелі» бөлімінде көрсетілгендей кепілдік берілген қарыз шартының номиналды құнына тең.

Кредиттік тәуекелдің жинақталуы оларға қатысты экономикалық жағдайлардың немесе өзге де жағдайлардың өзгеруі олардың өз міндеттемелерін орындау қабілетіне бірдей әсер етеді деп күтуге негіз бар бір қарыз алушының немесе қызмет шарттарымен қарыз алушылар тобы берешегінің бірнеше сомасы болған кезде туындауы мүмкін.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**26. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі Қордың өзінің қаржылық міндеттемелерін орындау үшін қаражат тарту кезіндегі қиындықтарға ұшырау мүмкіндігіне байланысты. Өтімділік тәуекелі қаржы активін оның әділ құнына жақын болатын күн бойынша шұғыл түрде өткізе алмауының нәтижесінде туындауы мүмкін.

Өтімділікке қойылатын талаптар тұрақты түрде бақыланып отырады және Қор басшылығы міндеттемелердің пайда болуына қарай оларды орындау үшін жеткілікті көлемде қаражаттың болуын қадағалап отырады.

Мына кестеде 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша осы міндеттемелерді өтеу мерзімдері бөлінісінде Қордың қаржылық міндеттемелері бойынша дисконтталмаған шарттық төлемдер туралы ақпарат берілген.

<i>Миллион теңгемен</i>	1 айға дейін	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	>5 жыл	Жиыны
2021 жылғы 31 желтоқсанға						
Қарыздар	295	1.412	528.433	387.133	274.303	1.191.576
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	13	24	21.298	173.638	1.851.202	2.046.175
Қаржылық кепілдіктер*	11.876	946	12.823	181.444	761.800	968.889
Басқа да міндеттемелер	–	905	52.755	–	–	53.660
Жиыны	12.184	3.287	615.309	742.215	2.887.305	4.260.300

<i>Миллион теңгемен</i>	1 айға дейін	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	>5 жыл	Жиыны
2020 жылғы 31 желтоқсанға						
Қарыздар	205	1.595	142.103	910.494	279.652	1.334.049
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	13	24	43.343	92.154	2.007.592	2.143.126
Қаржылық кепілдіктер*	11.582	–	12.581	158.445	552.962	735.570
Басқа да міндеттемелер	–	19.382	26.300	9.913	–	55.595
Жиыны	11.800	21.001	224.327	1.171.006	2.840.206	4.268.340

* Компания қаржылық кепілдіктерді өтеу мерзімдері бойынша өтімділік кестесіне қосады. Алайда, қаржылық кепілдіктер бойынша ақша қаражатының кетуі белгілі бір оқиғаларға тәуелді болады. Қаржылық кепілдік – бұл шарт, соған сай эмитент құралды ұстаушыға белгілі бір борышкердің төлемді борыштық құралдың бастапқы немесе қайта қаралған талаптарына сәйкес жасауға қабілетті болмай қалуына орай шеккен шығынды өтеу мақсатында белгілі бір төлемдерді жасауға міндетті. 2021 және 2020 жылдары қаржылық кепілдіктерді пайдалану жағдайлары болған жоқ.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**26. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Валюталық тәуекел**

Шетел валютасындағы банктердегі ағымдағы шоттардан басқа, Қор шетелдік валютада ұзақ мерзімді кредиттер мен қарыздардың қомақты сомасын тартады әрі береді, сондықтан да валюта тәуекеліне ұшырауы ықтимал.

Келесі кестеде Қордың табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайдасының/(шығынының) (ақша активтері мен міндеттемелердің әділ құнындағы мүмкін өзгерістерге байланысты) барлы басқа параметрлердің өзгермеуі талабымен шетел валюталарын айырбастау бағамдарындағы ықтимал өзгерістерге сезімталдығы көрсетілген. Табыс салығы есепке алынғанға дейін Қор пайдасының/(шығынының) басқа шетел валюталарының айырбастау бағамдарындағы ықтимал өзгерістерге сезімталдығын талдау ықпалы Қордың жеке қаржылық есептілігі үшін елеусіз. Қор капиталына әсер етуі жоқ.

<i>Миллион теңгемен</i>	Айырбастау бағамдарындағы ұлғаю/(кему)	Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі шығынға/пайдаға әсері
2021 жыл		
АҚШ доллары	13% (10%)	16.960 (13.046)
Ресей рублі	13% (13%)	(9.919) 9.686
2020 жыл		
АҚШ доллары	14% (11%)	12.124 (9.526)
Ресей рублі	15% (15%)	(11.293) 11.293

Капиталды басқару

Мүдделі тараптардың үздіксіз қызметі мен олар үшін пайданы көбейту мақсатында капиталдың жеткілікті болуының қалыпты деңгейі мен тұрақты кредитті төлей алу қабілетін қамтамасыз ету капиталды басқарудың негізгі мақсаты болып табылады. Қор капиталды басқарады және экономикалық жағдайлардағы өзгерістерді ескере отырып, оның құрылымы мен көлеміне өзгерістер енгізеді. Капиталдың оңтайлы құрылымын қолдау үшін Қор акциялар шығаруы және қарыз қаражатын тартуы мүмкін.

Қорда капиталды басқару қызметті одан кейін қаржыландыру үшін ақша ресурстарын оңтайлы тиімді талаптарда тарту, сондай-ақ Қор алдында тұрған стратегиялық міндеттерді шешу үшін инвестициялау арқылы жүзеге асырылады. Капиталды басқару процесіне капитал нарығындағы ағымдағы талаптарға, қарыз капиталы мен капиталдың әр класымен байланысты тәуекелдердің құнына үнемі мониторинг жасау жатады.

Қор капиталына қатысты Басшылық шекті коэффициентті белгіледі – қарыз капиталының меншікті капиталға ара қатынасы, оның мәні 4:1 пропорциясынан аспауы тиіс. Бұл шекті коэффициент есепті кезең ішінде және есепті күнгі жағдай бойынша бұзылмады. Қордың Борышты басқару жөніндегі саясатына сәйкес қарыз қаражатының құнына қарыздарды тарту, борыштық бағалы қағаздарды шығару, қаржылық жалдау, туынды қаржы құралдарын сатып алу не сату және ұзақ мерзімді активтерді ХҚЕС-ке сәйкес сатып алғаны үшін төлемдер бойынша мерзімді ұзарту нәтижесінде туындаған міндеттемелердің әділ құнының сомалары, сондай-ақ заңды тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілдік берілген негізгі борыштың номиналды сомалары жатады.

Кестеде 31 желтоқсанға қарыз капиталының меншікті капиталға ара қатынасының мәні көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл	2020 жыл
Қарыздар	1.099.014	999.666
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	579.369	593.221
Борыш жиыны	1.678.383	1.592.887
Минусы: ақша қаражаты мен оның баламалары	(392.967)	(344.292)
Таза борыш жиыны	1.285.416	1.248.595
Капитал жиыны	5.848.653	5.776.674
Меншікті капиталға қарыз капиталының қатынасы	0,29	0,28

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**26. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Әділ құнды бағалау көздерінің иерархиясы**

Қор бағалау модельдері бөлінісінде қаржы құралдарының әділ құнын белгілеу және ол туралы ақпаратты ашып көрсету үшін мына иерархияны пайдаланады:

- 1-деңгей: бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарыққа арналған бағалар (ешқандай да түзетулерсіз).
- 2-деңгей: барлық шығыс деректері көрсетілетін әділ құнына айтарлықтай әсер ететін басқа да әдістер нарықта тікелей немесе жанама байқалады.
- 3-деңгей: бақыланатын нарықтық ақпаратқа негізделмейтін әділ құнды көрсетуге біршама әсер ететін бастапқы деректерде қолданылатын әдістер.

Бұдан әрі жеке бухгалтерлік баланста әділ құны бойынша көрсетілетін Қордың барлық қаржы құралдарының ағымдағы (баланстық) құны мен әділ құнының санаттары бойынша салыстыру берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жылғы 31 желтоқсан	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Әділ құны бойынша ескерілетін активтер				
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы инвестициялары (9-ескертпе)	1.413	1.413	-	-

<i>Миллион теңгемен</i>	2020 жылғы 31 желтоқсан	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Әділ құны бойынша ескерілетін активтер				
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы инвестициялары (9-ескертпе)	1.373	1.373	-	-

Қаржы құралдарының әділ құны

2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың қаржы құралдарының баланстық құны төменде берілген қаржы құралдарын қоспағанда, олардың әділ құнына негіздемелі түрде жақындау болып табылады:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл				
	Баланстық құны	Әділ құны	Пайдалана отырып әділ құнды бағалау		
Белсенді нарықтағы баға белгілеулері (1-деңгей)			Елеулі бақыла- натын бастапқы деректер (2-деңгей)	Елеулі бақылан- байтын бастапқы деректер (3-деңгей)	
Қаржы активтері					
Кредиттік мекемелердегі қаражат (8-ескертпе)	408.652	394.175	-	394.175	-
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар (7-ескертпе)	741.421	679.825	-	679.825	-
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары	52.265	52.265	52.265	-	-
Қаржылық міндеттемелер					
Алынған қарыздар (14-ескертпе)	1.099.014	1.087.627	213.293	874.334	-
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары (15-ескертпе)	579.369	374.861	-	374.861	-
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер (17-ескертпе)	53.588	49.606	-	49.606	-
Басқа да міндеттемелер	52.755	52.755	-	-	52.755

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**26. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)**

Миллион теңгемен	2020 жыл				
	Баланстық құн	Әділ құны	Пайдалана отырып әділ құнды бағалау		
Белсенді нарықтағы баға белгілеулері (1-деңгей)			Елеулі бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей)	Елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей)	
Қаржы активтері					
Кредиттік мекемелердегі қаражат (8-ескертпе)	435.694	417.961	–	417.961	–
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар (7-ескертпе)	734.521	674.432	–	674.432	–
Қаржылық міндеттемелер					
Алынған қарыздар (14-ескертпе)	999.666	986.055	–	986.055	–
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары (15-ескертпе)	593.221	416.166	–	416.166	–
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер (17-ескертпе)	43.427	33.105	–	33.105	–
Басқа да міндеттемелер	54.027	54.027	–	–	54.027

Қаржылық қызметпен негізделген міндеттемелердегі өзгеріс

Миллион теңгемен	2021 жыл					
	2021 жылғы 1 қаңтар	Ақша ағындары	Валюта бағамдарының өзгеруі	2021 жылғы есептелгені	Басқалары	2021 жылғы 31 желтоқсан
Басқа да міндеттемелер	54.027	(67.097)	154	65.432	239	52.755
Дивидендтерді төлеу берешегі	–	(88.337)	–	88.337	–	–
Үкімет қарыздары	371.793	(558)	–	–	7.013	378.248
Алынған қарыздар	363.815	(196.021)	7.014	–	–	174.808
Басқа да облигациялар	75.000	211.271	–	–	–	286.271
Қаржылық қызмет бойынша міндеттемелер жиыны	864.635	(140.742)	7.168	153.769	7.252	892.082

Миллион теңгемен	2020 жыл					
	2020 жылғы 1 қаңтар	Ақша ағындары	Валюта бағамдарының өзгеруі	2020 жылғы есептелгені	Басқалары	2020 жылғы 31 желтоқсан
Басқа да міндеттемелер	11.930	(50.844)	157	92.080	704	54.027
Дивидендтерді төлеу берешегі	–	(120.000)	–	120.000	–	–
Үкімет қарыздары	417.309	(88.804)	–	–	43.288	371.793
Алынған қарыздар	248.518	90.638	24.659	–	–	363.815
Басқа да облигациялар	149.994	(74.994)	–	–	–	75.000
Қаржылық қызмет бойынша міндеттемелер жиыны	827.751	(244.003)	24.815	212.080	43.992	864.635

IBOR реформасы

Халықаралық реттеуші органдардың IBOR мөлшерлемелерінен біртіндеп бас тарту және оларды баламалы пайыздық мөлшерлемелерге ауыстыру туралы шешімдерін іске асыру үшін Қор қозғалуы мүмкін шарттарды ашып көрсетті. 2021 жылы Қор IBOR мөлшерлемесінен 2023 жылғы 30 маусымнан кейін қол жетімді болмайтын АҚШ долларындағы Libor сияқты базалық пайыздық мөлшерлемелер үшін және ауысу күні әлі айқындалмағандар үшін тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемелерге өтпеді.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**26. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****IBOR реформасы (жалғасы)**

IBOR реформасы Қорды түрлі тәуекелдерге ұшыратады, оларды басқару және мұқият бақылау жоба шеңберінде жүзеге асырылады. Мұндай тәуекелдерге, өзгесінен басқа, келесі тәуекелдер жатады:

- IBOR реформасын іске асыруға қажетті қолданыстағы шарттар талаптарының өзгерістерін нарықтық контрагенттермен талқылау процесінде туындайтын мінез-құлық тәуекелі;
- IBOR реформасының нәтижесінде нарықтардың қызмет етуінің бұзылуына орай Қор ұшырағыш келетін қаржы тәуекелі, бұл қаржылық шығындарға әкеп соқтыра алады;
- егер IBOR мөлшерлемелерінің өтімділігі азайса, ал баламалы тәуекелсіз мөлшерлемелер өтімсіз және бақыланбайтын болып қалса, нарықтық ақпараттың ықтимал болмай қалуына байланысты баға тәуекелі;
- Қордың АТ-жүйелері мен процестерінің өзгеруі нәтижесінде туындайтын операциялық тәуекел, сондай-ақ, егер IBOR мөлшерлемелері қол жетімсіз болса, төлемдерді бұзу тәуекелі.

Төмендегі кестеде тәуекелсіз мөлшерлемелерге ауыстырылуы тиіс реформамен қозғалмаған едәуір IBOR-ға бөле отырып Қордың жыл соңына тәуекелдері көрсетілген. Бұл тәуекелдер IBOR мөлшерлемелері қолданылуын тоқтатпайынша сақталады және тиісінше, келешекте олар ауыстырылады. Алайда кесте қолданылу мерзімі ауысу қажет еткенге дейін өтетін IBOR-ға негізделген құралдарды қамтымайды:

<i>Миллион теңгемен</i>	АҚШ долларындағы Libor	2021 жылғы 31 желтоқсан
Туынды емес қаржылық міндеттемелер	43.295	43.295
Алынған қарыздар	43.295	43.295

27. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**Салық салу**

Қазақстандық салық заңнамасы мен нормативтік-құқықтық актілері үздіксіз өзгерістер мен түрлі түсіндірмелердің нысаны болып табылады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының арасындағы пікірлерде болатын келіспеушіліктер сирек емес, оған қоса ХҚЕС бойынша қаржылық есептілікте кірістерді, шығыстарды және басқа да баптарды мойындау тәсілдері. Қазіргі кезде қолданып отырған, Қазақстанда қолданылатын заңдардың негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін қарастырылған айыппұлдар мен өсімақылар жүйесі аса қатаң болып отыр. Қазақстандық салық салу жүйесінің екіұштылығына орай салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың нақты сомасы, егер олар болса, қазіргі уақытқа дейін шығыстарға жатқызылған және 2021 жылғы 31 желтоқсанға есептелген сомадан асып кетуі мүмкін.

Басшылық 2021 жылғы 31 желтоқсанда қолданылатын заңнаманы түсіндіру сәйкес болады және резервтер осы жеке қаржылық есептілікте есептелген немесе ашылып көрсетілген жағдайлардан басқа, Қордың салықтар жөніндегі ұстанымы расталатын ықтималдық бар деп санайды.

Соттың істі қарауы

Қорға тиесілі Kashagan B.V. акцияларының қамауға алынуына орай Қор шағымы бойынша Стати мырзаға және онымен байланысты тараптарға қарсы басталған сот ісі

2017 жылғы 14 қыркүйекте Амстердам қ. соты шешімінің негізінде Қордың оған тиесілі құны 5,2 миллиард АҚШ доллары болатын КМГ Кашаган Б.В. акцияларының 50% қатысты құқықтарына бұл акцияларға билік ету бөлігінде шектеу (бұдан әрі – «шектеу») салынды.

Аталған шектеу Стокгольмның Сауда Палатасының Арбитраждық Институтының жанында Арбитраждық трибунал 2013 жылы шығарған Қазақстан Республикасына қарсы Анатолий Статидің, Габриэль Статидің, Ascom Group SA және Terra Raf Trans Trading Ltd. Ісі бойынша арбитраждық шешімнің Нидерландыда танылуы және орындалуы бойынша шағымды қамтамасыз ету шеңберінде салынды.

2020 жылғы 14 шілдеде Амстердам қаласының Апелляциялық соты Нидерландының аумағында Қазақстан Республикасына қарсы 2013 жылы шыққан арбитраждық шешімді мойындау туралы шешімді қабылдады, сот Қорға қатысты арбитраждық шешімнің орындалуы туралы баптың талабын қабылдамады.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**27. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Соттың істі қарауы (жалғасы)**

Қорға тиесілі Kashagan B.V. акцияларының қамауға алынуына орай Қор шағымы бойынша Стати мырзаға және онымен байланысты тараптарға қарсы басталған сот ісі (жалғасы)

2020 жылғы 18 желтоқсанда Жоғарғы сот Амстердам қ. Апелляциялық сотының 2019 жылғы 7 мамырдағы қамауда ұстау туралы шешімінің күшін жойды және істі Гаага қ. Апелляциялық сотының қарауына жолдады.

2021 жылғы 17 наурызда Негізгі процесс бойынша тыңдаулар өтті.

2021 жылғы 28 сәуірде Амстердамның Округтік соты Қордың Негізгі процесті ҚМГ Қашаған Б.В. акцияларын шектеуді шағымдану бойынша Гаагадағы Апелляциялық сотының шешіміне дейін кейінге қалдыра тұру өтінішін қанағаттандырды.

Гаага қ. Апелляциялық соттағы тыңдау 2022 жылғы 4 сәуірде басталды.

Қазіргі уақытта Қор өз мүдделерін белгіленген тәртіппен қорғау бойынша барлық қажетті шараларды қолға алады және өз құқықтарын қорғауын жалғастырады.

Дағдарысқа қарсы қаражатты қайталама пайдалану бойынша міндеттемелер

Қордың 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша игеру міндеттемелеріне 3.241 миллион теңге мөлшерінде «Нұрлы жер» бағдарламасын (бұрынғы – «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасы) қаржыландыру бойынша Қордың міндеттемелері және 8.919 миллион теңге мөлшерінде инвестициялық жобаларды қаржыландыру міндеттемелері кіреді, оның ішінде:

- Атырау облысында «Интеграцияланған газ-химия кешенін салу инвестициялық жобаның іске асырылуын қаржыландыру. 8.063 миллион теңгеден артық емес мөлшердегі Бірінші фаза»;
- 201 миллион теңге мөлшерінде «Тараз химиялық паркі» арнайы экономикалық аймақты құру» жобасын қаржыландыру;
- «QAZAQ AIR» АҚ-ның 655 миллион теңге мөлшерінде үш жалға алынатын әуе кемесін сатып алуын қаржыландыру.

28. ЕСЕПТІ КҮННЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР**Инвестициялардағы өзгерістер**

2022 жылғы 1 наурызда Қор 3.508 миллион теңге мөлшеріндегі ақша қаражатымен «Қазпошта» АҚ-ның жарғылық капиталына жарнаны жүзеге асырды.

2022 жылғы 17 ақпанда Қор «Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС-мен шегіну туралы келісімді жасады, соның шеңберінде «Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС-ның жарғылық капиталын 88.649 миллион теңге мөлшерінде азайту міндеттемелерін өтеу есебінен «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-дағы қатысу үлесінің 49,5% иеліктен шығарды. 2022 жылғы 18 наурызда Қордың «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-дағы қатысу үлесінің 49,5%-на меншік құқықтары қайта тіркелді.

2022 жылғы 7 сәуірде Қор «Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС-тің жарғылық капиталына 6.364 миллион теңге мөлшеріндегі ақша қаражатымен жарна салды.

2022 жылғы 21 сәуірде Қор «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-тің жарғылық капиталына 2.475 миллион теңге мөлшеріндегі ақша қаражатымен жарна салды.

Алынған қарыздар

2022 жылғы 31 қаңтарда Қор 1.6 миллиард рубль мөлшерінде (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 8.879 миллион теңге) «Сбербанк» АҚ-ның қарызы бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын толық өтеді.

2022 жылғы 25 ақпанда Қор 21 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 9.280 миллион теңге) «Банк ВТБ» (Қазақстан) АҚ-ның қарызы бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын ішінара өтеді.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

28. ЕСЕПТІ КҮННЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР (жалғасы)**Алынған қарыздар (жалғасы)**

2022 жылғы 28 ақпанда Қор 3 миллиард рубль мөлшерінде (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 14.700 миллион теңге) «Банк ВТБ» (Қазақстан) АҚ-ның қарызы бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын толық өтеді.

2022 жылғы 10 наурызда Қор 20 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 10.200 миллион теңге) «Сбербанк» АҚ-ның қарызы бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын толық өтеді.

Төтенше жағдай

2022 жылғы 2 қаңтарда Қазақстанның Маңғыстау облысында сұйытылған мұнай газының бөлшек бағасының едәуір өсуімен байланысты наразылық акциялары басталды. Кейіннен наразылық шерулері басқа да қалаларда басталып, тәртіпсіздіктерге, мүліктің зақымдануына және адамдардың өліміне әкеп соқтырды. 2022 жылғы 5 қаңтарда Үкімет төтенше жағдайды енгізу туралы жариялады.

Жоғарыда аталған наразылықтардың және төтенше жағдайдың енгізілуі нәтижесінде ҚР Президенті, салық заңнамасына өзгерістер енгізуді, қаржылық тұрақтылықты қолдау шараларын енгізуді, инфляция деңгейі мен теңгенің айырбастау бағамын бақылауды және тұрақтандыруды қоса алғанда, ықтимал шаралар туралы бірқатар жария мәлімдемелер жасады.

2022 жылғы 10 қаңтарда Қазақстанның Ұлттық қауіпсіздік комитеті елдегі ахуал тұрақтанды және бақылауға алынды деп хабарлады. 2022 жылғы 19 қаңтарда төтенше жағдайдың күші жойылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ны реформалау мәселелері жөніндегі 2022 жылғы 24 ақпандағы тапсырмасына сай кадр мәселелеріне, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге, сатып алуға, сыбайлас жемқорлықпен күресуге және комплаенске, жекешелендіруге және бизнесті 2022-2027 жылдарға арналған мерзімге қолдауға қатысты іс-шаралар жоспары қабылданды.

Акционерге басқа да бөлу

2022 жылғы 15 сәуірде Қор Акционер өкімінің негізінде қазақстандық кәсіби спорттың және жоғары жетістіктер спортының дамуына бағытталған жобаларды қаржыландыру бойынша 9.700 миллион теңге мөлшерінде төлем жасады.

Санкциялар тәуекелдерінің әсері

2022 жылғы ақпанда Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы шиеленістің салдарынан батыс елдердің көпшілігі Ресей Федерациясына қарсы көптеген санкциялар туралы жария етті. Бұл санкциялар Ресей Федерациясына теріс экономикалық әсер етуге бағытталған.

Геосаяси шиеленістің өсуіне орай 2022 жылғы ақпаннан бастап бағалы қағаздар нарықтары мен валюта нарықтарында құбылмалылықтың едәуір өсімі, сондай-ақ АҚШ доллары мен еуроға қатысты теңге бағамының айтарлықтай төмендеуі байқалады.

Қор бұл оқиғаларды есепті кезеңнен кейінгі түзетпейтін оқиғалар ретінде қарастырады, олардың сандық әсері қазіргі сәтке жеткілікті сенімділікпен бағалана алмайды.

Қазіргі уақытта Қор басшылығы микро- және макроэкономикалық жағдайлардың өзгеруін Қордың қаржылық жағдайы мен қызметінің нәтижелеріне ықтимал әсер етуін саралауда.